

# БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІ 5



*Өзбекстан Республикасы Халыққа білім беру министрлігі  
жалпы орта білім беретін мектептердің  
5-сыныбына арналған оқулық ретінде ұсынған*

*Толықтырылған және қайта өңделген 2-басылымы*

Ташкент – «O‘zbekiston» – 2020

УЎК 741(075)372.874  
КБК 85.1я72  
К 88

Авторлар:

Т. КУЗИЕВ, С. АБДИРАСИЛОВ, У. НУРТОЕВ, А. СУЛАЙМОНОВ

### Пікір білдірушілер:

**Р. Худойберганов** – Камолиддин Бехзод атындағы ұлттық суретшілік және дизайн институты профессоры;

**Б. Юнусова** – Республикалық білім орталығы методисті;

**А. Салихова** – Ташкент қаласы Алмазар ауданындағы 159-мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні оқытушысы

**Д. Шаякубова** – Ташкент қаласы Чиланзар ауданындағы 280-мектептің бейнелеу өнері және сызу пәні оқытушысы

**Кузиев, Турсунали және басқ.**

К 88 Бейнелеу өнері. 5: Жалпы орта білім беретін мектептердің 5-сыныбына арналған оқулық / Т.Кузиев, С.Абдирасилов, О.Нуртаев, А.Сулайманов. –Ташкент, «O‘zbekiston» БПШҮ, 2020. –128 б.

ISBN 978-9943-28-336-7

УЎК 741(075)372.874  
КБК 85.1я72

### Оқулықтағы шартты белгілер:



– Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар



– Үйге тапсырма



– Оқулықтың тақырыптарына орналастырылған осынау QR белгілерін сканерлеу арқылы тақырыптарға қатысты интернет мәліметтерінен пайдалануға болады.

**Республика мақсатты кітап қорының қаржылары есебінен басылды.**

ISBN 978-9943-28-336-7

© Кузиев Т. және басқ., 2015, 2020  
© «O‘zbekiston» БПШҮ, 2020



## 1-сабақ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНІҢ БЕЙНЕЛЕУ ҚҰРАЛДАРЫ

(Репродукцияларды талдау негізінде)

Бейнелеу өнерінің бейнелеу құралдары мен бейнелеу тілін түсіну және одан бейнелі көрсету қызметінде орынды пайдаланудың маңызды мәні бар.

Бейнелеу өнерінің бейнелеу тіліне композиция, сызық, дақ, рең, пішін, кеңістік, фактура түсініктері, танымал ірі суретшілер шығармаларының талқылануы жатады және олар кескіндеме, графика, мүсіншілік, өнертанушылық негіздерінің бөлімдері арқылы іске асырылады.

Бейнелеу өнерінің бейнелеу құралдары ретінде кескіндемеде рең, жағу, сызық, рең дақтары, түрлі-түсті жарықтық контрастары, ал графикада сызық, штрих, контур, түс, ақ-қара дақтардан пайдаланылады. Табиғатта әрбір бұйым мен заттардың өз реңдері болады. Бұл реңдерде жарық-көлеңкелер өте үлкен маңызға ие.

### Кескіндеме бейнелеу құралдары

Рең ауаның жағдайымен, кеңістіктегі орнымен, басқа рең түстері ықпалымен өзгеруі мүмкін. Болмыстың шыннайы сұлулық байлығы—рең болып есептеледі.



Ван Гог. «Кипарис пен бидай даласы»



Рахим Ахмедов. «Жаз игіліктері»

суретшінің жұмыс істеу әдісін анықтайды. Атақты суретші Ван Гог «Кипарис пен бидай даласы» шығармасын жасауда рең жағуларын орынды қолданғанын көру мүмкін.



Рафаэль Санти. Автопортрет

Суретші сан алуан көңіл-күйді, бояулардың бірігуі, жылы және суық реңдердің сәйкестігі арқылы бейнелейді. Сондай-ақ оларға шаттық сезімі, үміт-армандар, алаңдаушылық, қайғы-мұң сияқты сезімдер жатады.

Кескіндеме шығармасын жасауда рең жағулары бейнелеу құралы ретінде пайдаланылады. Суретшілер кескіндемеде рең жағудың әр түрлі пішіндерінен пайдаланады. Бұл жағулар су-

ретшілер рең жағулардан бейнелеу өнерінің бейнелеу құралы ретінде пейзаж, натюрморт жанрларында да шебер қолданған. М.Набиев «Әмір Темір портретін» жасауда, Р.Ахмедов «Жаз игіліктері» тақырыбында жасаған натюрморттың рең жағулардан орынды қолданған.

Суретшілер бейнелеу өнерінің кескіндеме түрінің негізі бейнелеу құралы ретінде реңнен пайдаланады. Кескіндеме шығарманың эмоциональдық әсер күшін арттыру мақсатында оның мазмұн мен мәнінен туында-



Неъмат Қузибоев. «Күз»



Рузи Чориев. «Қария»


ған күйде, реңдердің жылы және суық түрлерінен пайдаланылады.

Жылы және суық гаммадағы реңдер көбінесе пейзаж жанрында пайдаланылады. Күннің батуы, жылы күн, жаз, күз маусымдары тақырыптары ыстық реңдермен бейнеленсе, қыс, қар, аязды күн көріністері суық реңдермен бейнеленеді.

Пейзаж жанрында Неъмат Қузибоевтың «Күз» атты шығармасын мысалға келтіру мүмкін. Портрет жанрында суретші Р.Чориевтің «Қария» портреті суық реңдердің басымдылығымен жасалған.

Кескіндеме өнерінің әйгілі өкілдерінен Леонардо да Винчи, Рафаэль Санти, Рембрандт, Карл Брюллов, Анри Матисс, Альбрехт Дьюрер; өзбекстандық кескіндеме шеберлерінен Орал Таңсықбаев, Абдулхақ Абдуллаев, Рахим Ахмедов, Малик Набиев, Рузи Чориев, Жавлон Умарбеков, Баходир Жалолов, Алишер Мирзаев, Акмал Икромжонов, Акмал Нур және басқа бірнеше суретшілерді айтуға болады.

Кескіндеме шығармасын жасағанда сызық және рең дақтары да бейнелеу құралы ретінде пайдаланылады. Түсінікті болу үшін осы айтылғандарға түсініктеме береміз.




Шухрат Абдурашидов. «Гулжахан»



Иван Шишкин. «Жавдар»  
шығармасынан үзінді

Сызба – картинада біре нәрсенің сыртқы көрінісінің бояулармен бейнеленген контуры болса, ал дақта, біре нәрсенің реңді силуэті, түсті бейнесі есептеледі. Мысал үшін, И.Шишкиннің «Жавдар», Ш.Абдурашидовтың «Гулжахан» атты шығармаларынан көруіміз мүмкін.



Архип Куинджи. «Шоқ қайың»



*Николай Карахан.*  
«Тау итмұрыны»



*Александр Перов.* «Натюрморт»

Кескіндемеде бейнелеу құралы ретінде реңді және жарық контрастардан да пайдаланылады. Мұндай үдеріс атақты суретші А.Куинджидің «Шоқ қайың» шығармасында дақ бейнеленгенін аш және тоқ қою қатынастары арқылы көрсетілген. Өзбекстандық суретшілердің шығармаларында да осындай бейнелеу құралдарда орындалған шығармаларды көруге болады. Мысалы, Н.Караханның «Тау итмұрыны», А.Перовтың «Натюрморт» және басқалар.

### **Графикада бейнелеу құралдары**

Бейнелеу өнерінің графика түрінің де өзіне тән бейнелеп көрсету құралдары бар. Атап айтқанда, бейнелеу сызықтардан (штрих) дұрыс және орынды пайдалануды талап етеді. Олар өз пішіндеріне қарай түзу, қиғаш, доға тәріздес, толқын тәріздес, аралас болады.

Олар бейнелеп жатқан бұйымдардың пішіні, конструктивтік құрылысына қарай қолданады. Мысалы, шардың жарық-көлеңке бөлігін штрихтау құралымен, оның көлемін бейнелеуде доға тәріздес сызықтардан (штрих) пайдалану




ұсынылады, яғни суреттің пішіні, көлемі және бейненің ерекшеліктерін ашып беру үшін штрих түрлері әр түрлі орында түрліше қолданылады.

Графиктік шығармалар әсерленудің, бейнелеу мүмкіндіктерін арттыру мақсатында қағазда тушьпен сызу техникасынан да пайдалануға болады. Суретте көрсетілген жұмыстарда сондай әдістер қолданылған. Бұл техниканы қытайлық суретшілер кең қолданады.



Штрихтау үлгілері



Шарды штрихтауда доға тәріздес штрихтан пайдалану



Шар тәріздес нәрселерді штрихтау әдісі

Графикалық шығарма жасауда штрихтардан бейнелеу құралы ретінде пайдаланылады. Суретшілер графикада штрихтардың әр түрлі пішіндерден пайдаланады. Бұл штрихтар суретшінің жұмыс әдісін анықтайды. Мысалы, суретші салған «Аң аулаған мысық» композициясын жасағанда, штрихтарды орынды қолданғанын көруімізге болады.


Графикалық шығарма жасауда қиғаш штрихтардан бейнелеу құралы ретінде пайдаланылады. Бұл қиғаш штрихтар







«Аң аулаған мысық» композициясы



Анвар Мамажонов. Ескі қала тобы



Собир Рахметов. «Шопан портреті»

заттардың фактурасын қандай материал екендігін белгілейді. Мысалы, кесілген ағаш денесінің көрінісін салуда штрихтарды орынды қолданғанын көруіміз мүмкін.

Графикалық шығармаларда нүктелерден де бейнелеп көрсету құралы ретінде пайдаланылады.



Қиятәріздес штрихтау әдісі



Инелікті нүктелі  
штрихтармен бейнелеу




Ван Гог. «Сент-Мари-де-ла-Мерда  
балықшылар қайықтары»

Бейнелеу өнер шығармаларының бейнелеу әсерін арттыру мақсатында әр түрлі материалдарды қолдану мүмкін. Мысалы, суреттер тушь, қалам, фломастермен шебер бейнеленген.

Графика мазмұны мен құрылысы бойынша кескіндемеге жуық, бірақ өзінің міндеті мен мүмкіндіктеріне ие. Графиканың кескіндемеден айырмашылығы, негізгі бейнелеу әдісі тек біркелкі түстегі суреттер (яғни сызық, жарық-көлеңке); ондағы реңнің орны шамалы шектелгенінде болып табылады.




Ағаш. Тушь



Натюрморт. Қалам



Пейзаж. Фломастер



Марат Содиқов. «Ауыл»



Мадина Арипова.  
«Шелдік ата»

Графикалық суретшілер М.Кагаров, Қ.Башаров, М.Содиқов, А.Бобров, Ф.Қамбарова, Ғ.Бойматов, Г.Султонова, М.Ариповалардың шығармашылығын атап өтуге болады.

Бейнелеу өнерінің бейнелеу құралдары оның түрлеріне қарай түрліше болады. Мысалы, кескіндемеде негізгі құрал ретінде рең маңызды рөл ойнаса, графикада сызық, ақ-қара реңдер контрасты, мүсіншілікте көлем, ал қолданбалы өнерде ритм, симметрия, пішін және реңнен негізгі құрал ретінде пайдаланылады. Олардың барлығына тән болған негізгі құрал – композиция.

Композицияда, ең негізі, шығарманың композициялық шешімі, мазмұндылығы, бейнелеу құралдарынан дұрыс және орынды пайдалану болып есептеледі.

### **Мүсіншілікте бейнелеу құралдары**

Мүсіншілік шығармасын жасауда негізгі бейнелеу құралы ретінде көлем, пластика, материал, фактурадан пайдаланылады. Мүсіншілікте негізгі бейнелеу құрал оның көлемі болып есептеледі. Ол жан-жақты көрінеді. Мүсіншілікте




бейнеленетін негізгі объект – адам. Ол адамдағы қаһармандықты, сұлулықты, ұлылықты көрсетеді және мәңгі есте сақталады. Мүсінші қандай материалдан жасауды ойланған ой мен бейнеге сай түрде таңдайды. Бұл жұмыста кездейсоқтық болмайды, себебі бір жұмыс – ағаштан, басқасы – мәрмәртастан, үшіншісі – қоладан жасалады. Мысалы, қола материалы көбінесе ұсақ бөліктерді; ал ағаш, жұмсақтық қасиетті, мәрмәр – сыпайылықты, тас – бейнелі жинақталып жасау мүмкіндігін береді. Әрине, шығарма бірден материалдан жасалмайды. Бастапқыда, мүсінші өз пікірлерін қағазда анықтайды, кейін оны лайдан, ермексаздан немесе гипстен жасайды. Одан кейін ой негізінде



*Илхом Жабборов. Әмір Темір ескерткіші. Самарқант*



*Яков Шапиро. Портрет*



*Янис Кучис. «Тансиқбоев»*

өзірленген эскизді таңдалған қатты материалдан жасауға өтеді.

Монументтік ескерткіштер алыстан көруге арналған. Бұл салада республикамыздағы барлық қалаларда ұлы ата-тектеріміздің ескерткіштерін көреміз.

Өзбекстанда танымал мүсіншілік өнерінің шебер ұсталарынан, әсіресе, Абдумумин Бойматов, Илхом Жабборов, Жалолиддин Миртожиев, Анвар Рахматуллаев және басқа бірнеше мүсіншілердің шығармалары көпшіліктің назарын өзіне тартады.

Мүсіншілік өңдеу беру әдістері, сондай-ақ табиғатта белгілі көлемі бар детальдар, пішіндер арқылы бейнеленеді. Оның «Нәзік мүсіншілік» деген түрі де бар. Бұл әдіс мүсіншілікте «Тұрмыстық пластика» деп аталады. Нәзік мүсіншілік бұйымдары өзінің нәзіктігі, кіші өлшемділігімен ерекшеленіп тұрады. Оны қолға алып көруге болады. Нәзік мүсіншілікте шыны, саз, ағаш, металл және тастардың қымбат бағалы



Анвар Рахматуллаев, Леонид Рябцев.  
Ұлықбек ескерткіші. Ташкент



Жалолиддин Миртожиев.  
Жазушы Саид Ахмад және  
Саида Зуннуовалар ескерткіші

түрлері, піл сүйегі және сол сияқтылардан пайдаланылады.

Мүсіншіліктің кең таралған түрлерінің бірі – лай немесе ермексаздан жасау. Халықтық қолданбалы өнер шеберлері ойыншықтар мен ұсақ пластика әзірлеуде осы шикізаттардан пайдаланады. Өзбекстанда түрлі ойыншықтар жасайтын халық шеберлері және құмырашылар У.Журақұлов, А.Мухторов (Самарқант), У.Умаров, А.Хазратқұлов, М.Нарзуллаев (Ғыждуан), Б.Бойсов, Р.Матчонов (Хорезм), К.Туробов, И.Зиёмухамедов, А.Рахматов, М.Рахимов, Р.Орифжонов, А.Нумонов, Т.Миралиев, А.Аминов (Ташкент), Т.Тиллахужаев (Наманган), А.Худойназаров (Каттақорған), Б.Халилов (Денау), М.Облоқұлов (Үргіт), аға-іні Хожимировтар (Әндіжан), Х.Рахимова (Бұхара), Ш.Қаландаровтар (Хожейлі) жасаған шығармалар мақтауға тұрарлық.



Абдурахим Мухторов.  
«Аңыздағы аждар»



Лайло Салимжонова.  
«Хамро Рахимова портреті»



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Бейнелеу өнерінің қандай бейнелеу құралдарын білесің?
2. Бейнелеу өнерінің бейнелеу тілі туралы айтып бер.
3. Кескіндеме түрінің негізгі бейнелеу құралдарына нелер кіреді?
4. Графикада өзіне тән бейнелеп суреттеу құралдарын мысалдармен түсіндіріп бер.
5. Мүсіншілікте көлемнің құрал ретінде қандай маңызы бар?



**Үйге тапсырма.** Бейнелеу өнеріне тиісті материалдарды жинауды жалғастыру. Өзі жасайтын жердегі өнер шығармаларын (графика, кескіндеме, мүсіншілік шығармалары) бақылау және олардың көркем бейнесіне талдау жасау.

## 2-сабақ. ҚАЛАМБЕЙНЕДЕ ГЕОМЕТРИЯЛЫҚ ЗАТТАР САЛУ

Бейнелеу өнер түрлерінің негізі қаламбейне болып есептеледі. «Қаламбейне» ұғымы сызықтар көмегімен көркем образ жасау болып есептеледі. Салынатын заттың (бұйым) пішіні, өлшемі, құрылысы және характері сызықты бейне арқылы көрінеді. Қаламбейнеде зат пішінінің конструктив құрылысын белгілейтін нүктелер тірек нүктелер делінеді.


Тірек нүктелер, қаралама сызықтар сызықты бейнелеудің негізі болып есептеледі.

Әрбір дәуірде сызықты бейнелеудің шеберлі ұсталары болған. Мысалы, Леонардо да Винчи, Рафаэль Санти, Ренато Гуттузо, Пабло Пикассо және басқалар солардың қатарында.

Бүгін сендермен түрлі сызықтар (штрих) көмегімен геометриялық заттардан куб, цилиндр және конустан жасалған натюрмортты көріп шығамыз. Геометриялық заттардан түзілген натюрморттың басқышты қаламбейнесін бейнелеуде бақылау, болмысты үйрену, көлемді бұйымдарды



қағаз бетінде бейнелеу үдерісінде кеңістік жағдайы туралы ұғымдар және елестер қалыптастырылады. Бейнелеу үдерісін 4 басқышқа бөлуге болады. Бірінші сабақта «Геометриялық заттар салу» тақырыбындағы натюрмортты назар салып, күзетуден басталады. Натураның құрылысына қарай қағаз парағы тік немесе көлденең жағдайда болуы анықтап алынады. Натурадағы геометриялық заттардың жалпы биіктігі мен енін қағазға жәрдемші сызықтар арқылы жайластырып алынады. Натюрморттың жалпы пішіні мен әрбір геометриялық заттың ара қатынасы, өлшемі есепке алынып, қағазда оның конструкциялық құрылысын әрі перспективалық қысқару ережелерін сақтаған күйде бейнеленеді.





Сурет салу басқыштарын, берілген үлгі мысалында көруге болады.

Екінші сабақта, геометриялық заттарды түсті бейнелеу үдерісінде, ең алдымен оның жарытылғандық дәрежесіне назар аударылады. Куб, цилиндр мен конустың ең көп жарық түсетін жері, жартылай көлеңке, жеке көлеңке, рефлекс және түсуші көлеңкелері ажыратылып белгіленеді. Заттың негізгі бөлігі мен ұсақ бөліктерінің өзара орналасуы анықталады және натурамен салынған сурет салыстырылып көріледі. Заттардың жарық-көлеңкесінің үлкен бөліктері,



ашық-қоюлығымен штрихталып, соң майда бөлектеріне өңдеу беріледі. Әрқашан бейнеленген нәрселермен сурет дәптердегі бейнені салыстырып барған жөн. Геометриялық заттардың сипаты, фактурасы ұқсастығы тексеріліп, жұмыс бүтін бір тұтастыққа келтірілген жағдайда аяқталады.



**Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Сызықтардың қандай түрлері бар?
2. Сызықты және түсті бейнелеу дегенде нені түсінесің?
3. Штрих деген не?



**Үйге тапсырма.** Қаламда түрлі сызықтар көмегімен бейнелі көріністер жасау.

### 3-сабақ. КЕСКІНДЕМЕ ҚАСИЕТТЕРІ (Шығарманы көркем ұғыну негізінде)

Ғасырлар бойы ғалымдар реңдер туралы өте көп ғылыми зерттеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Алишер Науаи, Әбу Райхон Беруни, Әбу Әли ибн Сина, Камолиддин Бехзод, Фирдауси, Захириддин Мұхаммет Бабыр сияқты әлемге танылған ғұламалар реңдердің түрлері, мағыналары, адам


2–Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)

денсаулығына әсері және басқалар туралы өте көп шығармалар жазған.

Атап айтқанда, Әбу Райхон Беруни өзінің «Китоб ал-Жавоһир – маърифат ал-Жавоһир» (Минералогия) шығармасында реңдердің 200-ден астам аттарын санап өткен және бұл түстердің пайда болуы туралы мәлімет берген. Шығыста ғалымдар, ақындар, суретшілер, нақышкерлер, көшіріп жазушылар реңдердің жүзден астам түрін айыра білген және олардың атын, тіптен әрбір реңнің рәміздік мағынасын білген. Олардан бізге дейін жетіп келген кейбір үлгілермен танысып шығамыз: орамжапырақ жапырағының түсі, күлгін, бидай рең, боз күлгін, қоңыр, көгілдір, сарғыш, жасыл түс, сарғылт, күлрең, көк, көкшіл, алқызыл, қуқыл-сарғылт, көкшіл сұр, сиярең қызғылт түс, ақ, пісте түсті, ашық жасыл, қызғылт, сары, сиярең, аспан рең, сұр, көгілдір ақық, ошақкесек, қызыл, қырмызы, қара, қара торы, құба, көгілдір, қызыл шырайлы қызғылт сары, байзагүл, жапырақтүс, батпақ түсті, гүлнар, гүләбі, дани фарен, қызыл қоңыр, жирен, шөже, зинавы, алтын, сарғыш, сарғалдақ, көкшіл сұр, көктеу, тоқ сары, нилобі, бозарған, тым қызғылт, наргүл, қып-қызыл, алмалы, ақ опа суы, сәбіз түсті, құла сұр, кесек, сия, жоса, сауат, тоқ күлгін, алтын түсті және басқалар.



Исаак Ньютон.  
Спектр реңдері




Исаак Ньютон. Реңдер шеңбері



Рендердің әсерін, бір көріністегі пейзажды жасыл, сары, қызыл және басқа реңді шынылар арқылы бақылап, оны адам қандай ұғына алуы және сезіну күйін бірінші болып И.Гёте зерттеген.

Ньютон бірінші рет оптикалық призма арқылы жіберілген жарық реңді нүктелерге айналғандығын дәлелдеді және оны ғылыми түрде түсіндіріп, спектр реңдерін жеті бөлікке бөліп, оны дөңгелек пішінінде орналастырды. Рендерді белгілеу үшін оның қолданған терминологиясы өте анық. Сөйтіп Ньютонның мұндай жаңалығы бізді реңдердің физикалық табиғаты туралы анық ұғымға ие етеді. И.Ньютон ақ нұрдан спектр реңдерінің таралуын тапты, спектрдегі жеті реңді анықтады.



**Спектр реңдері.** Қызыл, сарғалдақ, сары, жасыл, ауарең, көк және күлгін реңдер спектр жасайды. Спектр реңдері әрдайым көрсетілген бірізділікте орналасады.

Реңдер шеңбері, әдетте, екі бөлікке бөлінеді – жылы және суық реңдер.

**Жылы реңдерге:** қызыл, сары, сарғалдақ реңдер жатады. Бұлар күнге, алауға ұқсап, табиғатта жылылықты көрсететін реңдер болып есептеледі.

**Суық реңдерге:** көк, ауарең, жасыл, көк-күлгін, көк-жасыл және олардың араласпасында пайда болған реңдер кіреді. Суық реңдер қиялымызда суық нәрселер – мұз, қар, су, ай сәулесі және басқалар.





Жылы гаммадағы  
натюрморт. Гуашь



Аралас гаммадағы  
натюрморт. Гуашь

**Реңнің негізгі қасиеттері рең түсі, ашық-қоюлығы және тойынғандығы болып есептеледі.**

Бұйымдардың локальдық реңі дегенде оның түпкі реңі түсініледі.

**Реңнің түсі.** Біздің санамызда рең түсі жақсы таныс болған бұйымдардың реңімен сай түседі. Реңдердің көптеген аттары табиғаттағы нәрселердің реңдерінен тікелей алынған болады, құмрең, теңіз толқыны реңі, көк асылтас рең, шоколадрең, маржанрең, малинарең, шиерең, қаймақрең және сол сияқтылар.

Реңдердің атын көрсететін, яғни олардың бірін қызыл, екіншісін көк, үшіншісін сары деп аталуына негіз болған белгі **рең түсі** дейіледі. Бір қызығы, күндізгі табиғи жарыққа адам көзі 180-ге жақын рең түстерін және 10-ға жуық тойынғандық дәрежесін айыруға қабілетті екен. Жалпы алғанда, дамыған адам көзі 360-қа жуық рең түстерін ажырата алу қабілетіне ие.



Надежда Кашина. «Жаз»

**Реңнің тойынғандығы.** Реңнің тойынғандығы дегенде, күлреңнің ашық-қою дәрежесі, реңмен тең болған айырмашылығы ұғынылады. Күлреңге қатысты реңшілдік дәрежесінің тазалығын түсіну керек.

Егер бірер реңге күлрең бояуын қоссақ, оның реңі көмескіленеді, тойынғандығы өзгереді.

Бейнелеу өнер шығармалары арқылы суретті көркем бейнелеу де суретшілерден О.Таңсықбаев, Р.Ахмедов, З.Иноғомов, З.Худойбергенов, Б.Бобоевтардың еңбегі үлкен маңызға ие. Мысалы, Уктам Саидовтың «Ақташ» атты суретін талқылау төмендегідей сұрақтар арқылы алып барылады.

1. Шығармада қайсы мезгілге сай болған көрініс бейнеленген?

2. Суретші шығармасы арқылы біздің назарымызды неге қаратады?

3. Шығарманың алдыңғы қатарында нелер бейнеленген?

4. Шығарманың композициялық құрылысы, ондағы нәрселер арақатынасы қандай?

5. Шығармадағы нәрселер қалай бейнеленген?

6. Суретші бейнелеу арқылы Ақташ тастарының көрінісін қандай дәрежеде көрсете алған?


7. Пейзаж өміршілдікке жақын суреттелген бе?

8. Шығармада ауа перспективасы реңдерде қалай бейнеленген?

9. Шығармада көкжиек сызығы қалай өтеді?

10. Сенде шығарма қандай көңіл-күй мен пікірлерді оятды?

Р.Ахмедов, Р.Худойбергенов, Б.Бобоевтардың шығармашылық бейнедегі еңбектерін көркем игеруде жоғарыдағы сұрақтар сияқты алып барылады.



Уктам Саидов. «Ақташ»



Шоира Кузиева. «Гүлдер»



Евгений Мельников. «Рафазль Такташ»



Павел Беньков. «Қурбылар»



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Реңнің негізгі қасиеттері нелер?
2. Рең түсі, аш-қоюлығы мен тойынғандығы туралы айтып бер?
3. Рең түсі деген не?
4. Реңнің тойынғандығын қалай түсінесің?



**Үйге тапсырма.** Суретшілердің шығармаларынан үлгілер алып, олар туралы мәліметтер топтау.

## 4-сабақ. КЕСКІНДЕМЕДЕ НАТЮРМОРТ САЛУ БАСҚЫШТАРЫ. НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

**Натюрморт** – бейнелеу өнердің өзіне тән дербес жанры. «Натюрморт» (*nature morte*) французша сөз болып, «өлі табиғат» деген мағынаны білдіреді және онда көбінесе еңбек құралдары, көкөніс пен жемістер, гүлдер, құс және ұсақ жануарлар бейнеледі, яғни натюрморт өнерінде адамның сыртқы өмірі көрсетіледі.


Натюрморт XVII ғасырдың басында Голландияда пайда болып, көптеген мемлекеттерге таралған, әсіресе, XVIII ғасырдың ортасында бейнелеу өнерінде кең дамыған дербес жанр есептеледі.

Кескіндеме өнерінің асыл шебері, франциялық суретші Жан-Батист Симеон Шарденнің «Өнер атрибуттары» тақырыбындағы натюрморт шығармасын бақылағанымызда қарапайым нәрселердің жоғары көркем бейнесін көреміз.

Өзбекстан бейнелеу өнерінде суретшілерден Н.Кашина, З.Ковалевская, Э.Элизаров, Р.Ахмедов, Ғ.Абдурахмановтар сияқты көптеген натюрморт жанрының шеберлері өлкеміз игіліктерін өз шығармаларында шебер бейнелеген.

Натюрморт дербес жанр болумен бірге, тақырыпты суреттердегі шығармалардың мазмұнын ашып беруде көмектесетін, оны толықтыратын құрал болып та қызмет етеді.





Шоира Қузиева. «Алтын ренді қыш ыдыстар мен натюрморт»

Танымал суретшілерден Ғ.Абдурахмоновтың «Қарбызды натюрморт», Э.Элизаровтың «Натюрморт» шығармаларында түрлі жемістер, бақша егіндерінен қауын және қарбыз, ұлттық маталардан өте тартымды бейнеленген. Қылқалам иелері шығарма мазмұнын ашуда жылы сарғыш, қою қызыл реңдерді айналадағы жасыл тектес түрлі-түсті реңдермен үйлестіріп бейнелеуінің арқасында суреттің өте әсерлілігіне қол жеткізген.

Біреу тақырыптағы натюрморт шығармасын жасауда шығармашының көз алдында болашақ натюрморт тұтас көрінеді және оған сай нәрселер таңдап, ұқыппен жайғастыру туралы ой жүргізеді, болжамды эскиздер сызады және сол эскиздер негізінде композиция түзеді.

Натюрморттың мазмұнды болуы үшін кішілеу нәрселер алдында, ірілері артқы көріністе бейнеленеді. Натюрморт көкжиек сызығынан төменірекке орналастырылады. Сонда нәрселердің кеңістік жағдайы мен жазықтығы жақсы көрінеді. Натюрморт ұқыппен бақыланады. Натюрморт композиция-




Шоира Кузиева. «Шығыстық натюрморт»


сын қағазға дұрыс орналастыру мақсатында қағаздан жасалған арнаулы аспаптан (бейне іздеушіден) пайдаланған жақсы нәтиже береді. Бұл аспап арқылы анықталған композицияның жобасы арнайы кіші өлшемдегі қағазда салынады. Қойылма композициясы анықталған соң, негізгі жұмыс үлкен өлшемдегі қағазда орындалады.



Натюрморт этюдi



1-басқыш



2-басқыш



3-басқыш

Натюрморттың композициясы белгіленгеннен кейін, қойылмадағы әрбір бұйымның өлшемін, пішінін (құрылысын, реңін, жарық-көлеңкесін) анықтауға өтіледі, яғни натюрморт салуда жалпыдан жекеге және жекеден тағы жалпыға өту үдерісіне сүйенеді. Натюрмортты бейнелеу басқышпа-басқыш іске асырылу керек. Екі-үш нәрсенің бейнесін салуда бұйымдардың өлшемі жағынан өзара айырмашылығы, арақашықтығы, көлеңкесі мен жарықтардың айырмашылығы көзбен шамалап табылады. Қаламды баспаған күйде олардың сурет орны белгілеп алынады. Сурет пішіні табылған соң, жарық көзі анықталады. Өйткені суреттің тепе-тең күйде тұруы одан түсіп тұрған көлеңкеге де байланысты болып табылады.

Түсетін көлеңке нәрселердің кеңістілігін және қандай материалдан жасалғандығын анықтауға көмек береді. Бұйымдардың өз көлеңкесі, жарық бөлігі, өзінен түсіп тұрған көлеңке қаламда штрихтармен салынады. Нәрселердің перспективалық қысқаруларын есепке алып, әрбір нәрседегі жарық пен көлеңке ережелерін сақтаған күйде бейнеленеді. Кейін натура мен фон арасындағы ашық-қоюлықтың айырмашылығы белгіленеді.

Қойылған натюрморттың негізгі идеясы қағазда бейнеленеді, яғни натура мен сурет арасында толық ұқсастыққа қол жеткізіледі.




**Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Натюрморт деген не?
2. Натюрморт жанры нені көрсетеді?
3. Натюрмортшы суретшілерден кімдерді білесің?
4. Натюрморт композициясы деген не?



**Үйге тапсырма.** Суреттегі натюрморт композициясының бейнеленуіне түсінік бер.



## 5-сабақ. РЕҢ-ТҮСТЕРІ ЖАҒЫНАН ҚАРАМА-ҚАРСЫ (КОНТРАСТ) БҰЙЫМДАРДАН ҚҰРАЛҒАН НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Ең алдымен, натюрморт үшін керекті нәрселер таңдап алынады. Олар ауарең немесе жасыл сырланған (эмальды) ыдыс, екі-үш дана сәбіз, сары немесе қоңыр рең қыш пияла, екі шалқан, бірнеше картоп пен екі-үш дана ашық қызыл, сарғалдақ және ашық қызғыш реңді матадан болуы керек.

Натюрморттағы нәрселердің саны 2 немесе 3-тен құралады. Композиция жағынан әдемі, қызықты және тұтас болуы керек.



Натюрмортты жасау басқыштары





Натюрморт бейнесін бірідді істеу

Қыш көзе және көкөністерден құралған натюрморттың маңызды жақтарынан бірі суреттелетін нәрселердің кеңістікте орналасуы болып табылады. Бұйымдардың үлкендеуін артқа, ал кішкенелерін, алдына жайғастырып, бірі екіншісін аздап бекітіп тұратын күйде қоямыз.

Натюрмортта рең түсі жағынан қарама-қарсы бұйымдардың ең маңыздысы екінші қатарда орналастырылады. Оның пішіні, реңі және түсімен ерекшеленіп тұруы, композицияның орталығы саналады.

Натюрморттың кеңістік жағдайын айқынырақ бейнелеу үшін алдыңғы қатарда онша үлкен болмаған, бірақ ашық түсті бұйым қойылған. Бұйымдарға жарық сәулелері алдыңғы жақтан және жанынан түскені үшін әрбір нәрсенің көлемі анық көрініп тұр.

Натюрмортты бейнелеуден алдын оны бақылап, ең жақсы көріну нүктесін тауып, көкжиек сызығы белгіленеді. Суреттің жалпы композициясы табылады. Натюрморт бейнесі бірнеше кіші өлшемдегі көмескі сурет сызба үзінділер арқылы орындалады. Олардан ең сәтті шыққаны таңдап алынады.

Қағаз бетінде натюрморттың жалпы өлшем сәйкестіктерінің жалпы кеңдігі және биіктігі жеңіл сызықтармен белгіленеді. Әрбір нәрсенің жалпы пішіні, ерекше бөліктерінің салыстырмалы өлшемдері табылады. Әр бұйымның өзіне тән пішіні, үлкен-кішілігі және тұрған орны анық табылғаннан кейін, олардың құрылысы талқыланады, мұқият бақыланады. Пішіндердегі бар перспективалық қысқарулар да көрсетіледі.

Бұйым суреттерін сурет жазықтығында жайғастыру кезінде олардың негіздерін, яғни көрінбейтін бөліктерін де толық салу керек. Солай болғанда, кейбір нәрселердің «асылған» күйде болуы немесе бір нәрсенің екіншісіне «ойып» кіргендей болып қалуына жол берілмейді. Натюрмортты қаламмен салып болған соң, рең беруге өтіледі.



Натюрморт кескіндемесін орындауда кең таралған жұмыс әдісінен пайдаланамыз. Бояу қабаттарын қабаттастырып қою **лессировка** деп аталады. Бояудың сұйық ерітіндісін әзірлеп алып, қағазға қабаттау түрінде жағылғанда астындағы қағаз құлпырып тұрады. Бірсыдырғы жағылған бояу қабаты кепкен соң, үстінен басқасы жағылады, астыңғы қабатының көрініп тұруының арқасында жаңа рең түсі пайда болады. Қабаттар саны көбейген сайын рең байи түсіп, әсерлілігі күшейіп барады.

Акварель бояуымен істеуді бастау суреттің аппақ жайын белгілеуден бастап, қалған барлығы сұйық бояу ерітіндісімен қапталады. Көлеңкелерді бірден қарайтып жібермей, жайлап бір қабат кепкен соң, екіншісін жағу керек.

Соңғы басқышта жіңішке қылқаламмен бөлектерін істеп шығып, нәрселердің негіздері жанындағы көлеңкелер біраз қоюластырылып, натюрморттың тұтас және үйлескен көрінісіне қол жеткізіледі.



Натюрморт





### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Рең түстері деген не?
2. Қарама-қарсы ұғымы деген не?
3. Натюрмортта қарама-қарсылық ұғымын сипаттап бер.
4. Нәрселер бір-біріне қатысты қалай орналастырылады?



**Үйге тапсырма.** Қарама-қарсы бұйымдардан құралған натюрмортты графикалық әдіспен жасау.

## 6-7-сабақтар. ҰЛТТЫҚ ЫДЫСТАРДАН ТҮЗІЛГЕН ТАҚЫРЫПТЫ НАТЮРМОРТТЫ ЖАСАУ

Акварель бояуында ұлттық ыдыстардан түзілген тақырыпты натюрмортты орындау үшін 2–3 нәрседен құралған, рең және түс қатынастары бір-бірінен өзгешеленетін, пішініне қарай онша күрделі болмаған бұйымдар болуы керек. Қарапайым нәрселерден түзілген қойылмаларды мұқият орындап, жақсы нәтижелерге қол жеткізбей тұрып, күрделі натура қойылмаларын орындауға өту дұрыс емес.

Акварель бояуында жаттығуларды жүйелі түрде орындау және оларды жайлап күрделендіріп бару мақсатқа сай.

Натюрмортты акварель бояуларымен орындау үдерісін (көрнекілік) қолданбалы көрсету үшін біраз күрделі болған жемістер және тұрмыстық нәрселерден түзілген натура қойылмасын аламыз. Қойылмадағы ыдыс тегіс жалтырақ бетті болады, сондай-ақ, айқын бейнеленген (сәуле) көлеңкесі болады. Барлық нәрселер стол үстіне жайғастырылған, артта жарқын күлреңдегі қабырға фоны және бір түсті маталар. Жемістерде белгіленген жартылай көлеңкелер анық көрініп тұр. Ыдыста жылы және суық рефлексдер бар.

Осылайша түзілген натюрморттың қаламбейнесі қиыншылық туғызбайды, бірақ реңдерде бейнелеу біраз күрделірек, себебі жемістердің анық реңін бейнелеу үшін рең қатынастарын қатаң сақтауымыз керек. Бояудың бастапқы

3–Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)



кабатын қоюдан бастап, рең қатынастарындағы үйлесімділікті сақтап отыру қажет. Акварель бояулары құрғаған соң, біраз ағарады, соның үшін де оларды рең жағынан қоюлау алу мүмкін.

Акварель бояуларымен бейнелеу барысында нәрсе және бұйымдағы жарық болып тұрған бөліктерді боямауға әрекет жасау керек. Реңдер бірден алынып, керекті жайға жағылса, оның жанындағы түстерді де табу жеңілге соғады.

Әрбір нәрсенің көлемді кескінін жарық-көлеңкенің түстенуімен байланысты болған рең өзгерістерін мұқият бақылап бару керек. Қоңыр рең ыдыс жартылай көлеңкеде және жарықта сан алуан рең түрінде болады. Фоннан түсіп тұрған рефлексдер қоңыр рең емес, сондай-ақ сия рең болып табылады. Одан тыс, жемістер көлеңкесінде рефлексдер болып, олар өзара ашық-қоюлығымен және рең түрлері бойынша өзгешеленеді.

Ең негізгісі, барлық бұйымдарға бір мерзімнің өзінде, ашық-қоюлығы, реңшілдігі және тойынғандығын салыстырған күйде рең беру керек. Демек, бұйымдарды жеке бақыламай, керісінше, жинақты тұтас көруге әрекет жасау керек. Қатар тұрған екі нәрсенің рең айырмашылықтарын салыстыру қиын емес. Егер алдымызда он нәрседен құралған натюрморт болса, әрбір бұйымның реңін жеке күйде және барлығымен бірге тұтас салыстыру керек.

Әрбір нәрсенің көлемді пішінін жасағанда жылы және суық рең түрлерін ұқыппен бақылау керек.

Бұйымдардың ашық-қоюлығы және реңшілдігі фон мен айналасындағы нәрселер реңіне байланысты болады. Көлеңкелер қоюластырылса, жарық болып, айқындала түседі.

Суреттегі бұйымдардың алдыңғы және артқы көріністері арасындағы жазықтықты көрсетуге мән беру керек. Натюрморттағы нәрселер бір-бірінен түрлі арақашықтықта жайғасады, жақындағы нәрселер анығырақ көрінеді.





Натюрморт

Алыста тұрған нәрселердің реңдері жеңілдеу және көмескілеу алынады. Натюрмортты бейнелеуде ауа перспективасының әсерін натурада сезу өте күрделі. Соған қарамай, мұны перспектива заңы негізінде қаламмен суреттеуде алдында тұрған нәрсені жақындау жайғастыру, ал басқасын алыстатып бейнелеу керек.

Нәрселердің көрсетілген жайлары анық сыртқы көрініске ие. Көлеңке және алыс көріністегі түс және рең контрастары көмескі, ал пішіндері айқын сыртқы көрініске ие емес.

Көлеңке және артқы көріністегі нәрселердің бейнесі жинақталған күйде болады. Сол жерде ылғал күйінде жасау әдісін қолданған жөн. Жасаудан алдын, қағазды таза

сумен жұмсақ шүберек немесе үлкен қылқалам көмегімен бірсыдыра ылғалданады. Екі-үш минуттан соң, қағаз суды сіндіріп алғаннан кейін, акварельмен жұмысты бастауға болады. Жағылған бояулар да ылғал қағаз бетінде жайылып, бір-бірімен қосылып, жұмсақ және нәзік жағылулар жасайды. Егер бірер жайды ажырату керек болса, қағазды кептіріп, керекті бояу жағылады немесе құрғақ қылқаламда анық ренді шекараның талап етілген жайлары қоюластырылады. Ылғал күйінде жасау әдісі, суретті өте нәзік және тартымды көрсетуге мүмкіндік туғызады.



1-басқыш



2-басқыш




3-басқыш



4-басқыш

Акварель бояуларымен істеу үдерісінде көлеңке-жарықтағы нәзік жағуларды тегістеп бару керек емес. Өте ылғалданған қағаз, әдетте, бөртеді, иіледі, бірақ кепкен кезде тағы тартылады және жұмысты жалғастыру мүмкіншілігін береді.

Ұлттық ыдыс-табақтардан түзілген тақырыпты натюрморттарды танымал суретшілердің шығармаларында да көруіміз мүмкін. Е.Мельниковтың «Анар және беһе», Н.Орипованың «Натюрморт» шығармалары тақырыптың айқын мысалы болып табылады.



Евгений Мельников. «Анар және беһе»



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Ұлттық ыдыс-табақтардан құралатын натюрмортты қалай ұғынасың?
2. Перспектива заңдылықтарын түсіндіріп бер.



*Нодира Орипова. Натюрморт*

3. Бояудың алғашқы қабатын жағудан бастап нелерге мән беру керек?
4. Натюрморт мазмұнын ашып беруде бұйым, шикізаттардың рөлі қандай?



**Үйге тапсырма.** Ұлттық ыдыстардан түзілген тақырыпты натюрмортты жасау.

## 8-сабақ. 1-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. НАТЮРМОРТ

### 9-сабақ. ТАБИҒАТ ПЕЙЗАЖЫ ФОНЫНДА НАТЮРМОРТ ЖАСАУ

Табиғат пейзажы фонында натюрморт жасау үдерісінің өз заңдары бар. Бұл жұмысты тәртіппен жүргізу талап етіледі.

Бірізділік тәртібін анықтаған түрде орындалған жұмыстың нәтижесінің маңызды мәні бар. Табиғат пейзажы фонындағы натюрморт жасауды неден бастау, оның ортасында қандай талаптарға жауап беру және қай орында аяқтау керектігін жақсы білу қажет.

Натюрморттың фоны пейзаж болып, терезе алдында қойылған бұйымдармен пейзаж ортасында кеңістік аралық орналасқан. Рең қатынастары алды, орта және артқы көріністе түрлі реңдерде болуын анықтап алған жөн. Бейнелеуде кеңестік переспектива үлкен маңызға ие. Терезе алдына қойылған натюрмортты бейнелеуде, жалпы жарық-көлеңке, рең-түстер және біріккен реңдерден жарық-көлеңкелі, рең-түсті үйлесімділіктерді үлкен бөліктерінде анықтау маңызды болып табылады.

Табиғат пейзажы фонында натюрмортты бейнелегенде, көкжиек сызығына қатысты қалай орналасуының да үлкен маңызы бар. Баршаға белгілі, көз биіктігінен төменректе қойылған натюрморт нәрсе жазықтығында толық көрініп тұрады,



*Рахим Ахмедов. Натюрморт*



Малика Мирсодиқова. «Хризантемалар»

нәрселердің негіздері, олардың өзара орналасуы айқын көрінеді және бейнелеуде қолайлы болады. Нәрсені толық ашып беру үшін жарық сәулелері алды жақтан немесе жанынан түсетін болуы керек. Табиғи жарықтың күші жеткілікті болмаса, натюрморттың бүйір жағына жасанды жарықтандыру қойылады. Сонда алдыңғы нәрселерде жарық көлеңке контрасты кескін болып, олардың көлемі бөртіп көзге түседі, сырты айқын көрінеді. Ал екінші жоспардағы нәрселерде, қайшылық аз сезіледі.

Сәулелердің күші азайған сайын үшінші жоспардағы нәрселердің қарама-қарсылығы жұмсара түседі, олардың шекаралары фонның қою жайларымен жинақталып көрінеді. Натюрмортты терезе жақынына қойып, арқа фонды табиғат пейзажымен бейнеленеді. Натюрмортқа сәулелер алды жағынан түседі, көлеңке мен рефлексстер



оншалық көп болмайды және предметтердің өз реңі анық, ашықтау көрінеді.

Табиғат пейзажы фонында натюрморт жасау тақырыбына натюрмортшы суретшілерден Х.Матисс, Ван Гог, Р.Ахмедов шығармаларында терезе алдында және табиғат пейзажына қойылған натюрморт үлгілері мысал бола алады.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Табиғат пейзажы фонында натюрмортты бейнелеудің негізгі шарты неде?
2. Табиғат пейзажы фонында натюрмортты бейнелеуде арақашақтық қандай құралдар көмегімен беріледі?
3. Көкжиек сызығы шамамен қалай алынады?
4. Натюрмортқа сәулелер қай жақтан түседі?




**Үйге тапсырма.** Табиғат пейзажы фонында натюрморт салу.



## 10-сабақ. КЕСКІНДЕМЕ ЖӘНЕ ГРАФИКАДА ПЕЙЗАЖ

**Пейзаж** – бейнелеу өнерінің жанры болып, табиғаттағы белгілі бір жайдың көрінісі, бейнесі болып есептеледі. Пейзажда табиғат, теңіз көріністері (марина), ағашты ормандар, қырлар, қала және қыстақтардың көрінісі, жалпы, түрлі жайлардың көрінісі арқылы кісінің сезім-күйлері көркем образдарда бейнеленеді. Пейзаж жанры орта ғасырларда Қытай, Жапония, ал ояну дәуірінде Еуропада дамыды. Өзбекстанда Павел Беньков, Орал Таңсықбаев, Николай Карахандар пейзаж жанрындағы тартымды шығармаларымен әйгілі.



Орал Таңсықбаев. «Тау пейзажы»



Жавлон Умарбеков.  
«Бозсу көпірі»



*Рустам Худойберганов. «Жаңа көпір»*

Пейзаж жанрындағы шығармаларды жасауда суретші түрлі бояулардан: майлы бояу, акварель, гуашь, темпера, пастель, түсті қаламнан пайдаланады.

Павел Петрович Беньков көп жылдар барысында шуақты өлкемізді нұрлы, берекелі деп бейнелеген. Ол жасаған суреттердің әрқайсысында сүйікті республикамыздың сұлу табиғаты, өзбек халқының тұрмысы және еңбегі бейнеленеді.

Танымал суретші Орал Таңсықбаевтың шығармашылығында негізінен, Орталық Азияның сұлу және нәзік табиғат пейзаждарын қылқалам көмегімен шынайы көрсетуге бағытталған. Суретшінің «Ыстықкөл түні», «Өзбекстанда көктем», «Қайраққұм ГЭС-інің таңы», «Өрік гүлдеді», «Күз таңы» сияқты көптеген шығармалары оны шебер ұста ретінде әлемге танытты. Орал Таңсықбаевтың «Түн кезеңі» шығармасына назар аударсақ, көрерменнің көз алдында гүлденіп-көркейген өзбек жері, оның көңілге шаттық беретін

табиғаты, адам еңбегімен бау-бақшаға айналған жерлер елестейді.

Танымал суретші Ғафур Абдурахмонов та пейзаж жанрында еңбек еткен. Суретші жасаған композициялар кең қамтылуы және сан алуандығымен ерекше өзгешеленіп тұрады. Бұлардан, әсіресе, «Өлең» шығармасын тамашаласаң, табиғаттың тартымды әуендері мен адамның ішкі сезімдерінің үйлесімді шырқалып жатқанын тыңдағандай боласың. Көктем гүлдері төселген қырлар, оған ынтық болған қыздардың нәзік қимылы, тау шыңдары, сондай-ақ, алыстағы бұлттардың бір-бірімен тығыз байланысты бояулармен бейнеленуі адамды өзіне сиқырлап қояды. Ал «Бахмалда таң» атты пейзажында табиғатта жаңарған жағдайды суретшінің сезгені көрінеді. Суретте ерте таңдағы жандану, болмыстың оянғаны айқын сезіліп тұр. Бұл шығармалар көрерменде жақсы көңіл-күй оятуымен бірге құштарлана демалуға көмек береді. Табиғатқа болған



Козим Умурзаков. Этюд

махаббатты оятады және эстетикалық шаттық береді. Суретші шығармашылығында пейзаж жанрына деген қызығушылығын оның бастапқы этюдтерінен-ақ көру мүмкін.

Пейзажды кескіндемеде салу үшін қағазға таңдалған объектің көкжиек сызығы белгіленіп, табиғат көрінісін сызықтар көмегінде бейнеленеді.

Графикада пейзаж төмендегідей орындалады.



Жавлон Умарбеков. «Ангрен жолы»



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Суретші Рустам Худойбергеновтың «Жаңа көпір» шығармасын талқылау.
2. Пейзаж тақырыбына арналған шығармаға талдау жаса.



**Үйге тапсырма.** Сыныпта қаламмен басталған пейзажды реңдерде бояу.

## 11-сабақ. ТАБИҒАТТЫҢ ОБРАЗДЫ ПЕЙЗАЖЫН БЕЙНЕЛЕУ

Табиғаттың образды пейзажын жасау үшін алдымен, қалам көмегімен оның арнайы бөліктері салынады. Суреттің мазмұнды және бейнелі болуы үшін пейзаж элементтері: ағаштар, бұлттар, таулар, жайлардың орны мен пішіндері салынады. Сондай-ақ, пейзажды салуда табиғатты мұқият зерттеп шығу талап етіледі.

Суретші А. Муминовтың «Боранды күн» шығармасында табиғат бейнесінің бір көрінісін байқауымызға болады.

Табиғаттың образды пейзажын салуда сызықты және кеңістік перспективалық ережелерін сақтау керек. Әрбір нәрсе алыстаған сайын кішірейіп, ауада көрінбей, көмескіленіп барады, олардың көрінісі, сызықтары, айқындығы, реңі өзгереді. Табиғаттағы нәрселер бізге қаншалық жақын болса, олар соншалық анық және айқын көрінеді.



Рубен Акбальян. Этюд

Пейзажды мөлшерінде бейнелеп берудің үлкен маңызы бар. Пейзаж күндіз, таңертең немесе кешке өз көрінісіне ие. Таңертең айнала бейне бір түтінмен қапталғандай болады. Демек, таңертеңгі пейзажды салғанда артқы көрінісі



Пейзаж этюды. «Бұлтты аспан»



Пейзаж этюды. «Жаңбырдан соң»




Руслан Халилов. «Ашық ауа»



біраз көмескіленіп бейнеленеді. Алдына жайғасқандардың құрылысын біраз анығырақ етіп салу керек. Кешке, керісінше, аспан түсінде барлық нәрселердің түзілісі анығырақ көрінеді. Ауа бұлт болған күнде жер, ондағы нәрселермен бірге аспан көмескілеу және қаралау болып көрінеді.

Табиғаттың бейнелі пейзажын салуда немесе оның бірер бөлегін бейнелеуде арнайы ережелер жоқ. Пейзажды бейнелеуде басқа нәрселердің түпкі нұсқасын салу сияқты орындалады.

### Табиғат көрінісін бірізді көрсету



Табиғат образының әсерлілігін арттыру, оның анық күйін көрсету мақсатында, жұмысты контрасты яки жұмсақ, жылы немесе суық, ашықтау яки қоюрақ, айқын неме-



се жинақталған түрде орындау мүмкін. Тірі табиғатты сезіну, оның асқан көркемділігін байқай алу, сондай-ақ, қызығушылық әрбір табиғат образы көрінісін бейнелеудің шешіміне өлшем болады.

Атап айтқанда, табиғат әрқашан шығармашылық ізденулер, сұлулықты сезініп талғамды өсіру көзі болып келген.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Табиғат образы көрінісін бейнелеудің негізгі шарты неде?
2. Табиғат образы көрінісінде арақашықтық қандай құралдар көмегімен беріледі?
3. Табиғат образы көрінісінің суреті деп нені айтады?



**Үйге тапсырма.** Бірер табиғат образы көрінісін бейнелеп келу.

## 12-сабақ. АҚ ЖӘНЕ ҚАРА РЕҢДЕРДЕ ПЕЙЗАЖ СУРЕТ САЛУ

Ақ және қара реңдер бірігуіне негізделген сызықты бейнелеулер де графикалық өнер түріне жатады. Графика грекше «grapho» сөзінен алынған – «сызамын, жазамын, сурет саламын» деген мағынаны білдіреді.



Анна Остроумова-Лебедева. «Көпір»



Пейзаж

4–Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)



Графикалық сурет салуда, негізінен, ақ және қара реңдерден пайдаланылады. Түрлі графикалық сурет салу кезінде, қасиеттеріне қарай, қара реңдер ашық-қоюлық дәрежесімен ерекшеленеді. Олар ашық-қою, қалың болады, ал ақ реңдер мөлдір және нәзік, ұлылық пен шаттық көңіл-күйлерін бейнелеуде қолданылады.

Құрметті оқушылар, пейзаж перспектива ережелері негізінде бейнеленеді. *Перспектива* – латынша сөз болып, «анық көремін» деген мағынаны білдіреді.


Пейзажды бейнелеуден алдын, көкжиек сызығын анықтап алған жөн. Көкжиек сызығы деп әрқашан көздің тұрасынан өтуші сызыққа айтылады. Айналадағы нәрселер көкжиек сызығынан жоғарыда, төменде яки сызықтың өзінде жайласқан болады. Оларды суретте бақылауымыз мүмкін.



Графикада пейзажды бейнелеуде сызықты және түсті перспективадан пайдаланамыз. Сызықты перспектива – бұл айналадағы оқиғаларды қағазда көлемі мен тереңдігі арқылы бейнелеу әдісі.

Графикада түсті перспективаға алғаш Леонардо да Винчи негіз салып, онда нәрселердің алыстаған сайын түс дәрежесі өзгеруін анықтаған.






О. Таңсықбаев. «Пейзаж»

Графикалық суретте жайбарақат, ойлы жағдайларды бейнелейтін пейзажды суреттеуде, әрине, айқын, тыныш, дөңгелек тәріздес, сынық, қисық сызықтардан пайдаланылады. Ағаш суретін суреттеуде вертикаль және горизонталь жағдайдағы сызықтар көмегімен оның бұтақ-жапырақтары, дене пішіндері бейнеленеді.



Ағаш пейзажы



Исаак Левитан. «Шуақты күн. Үлкен жол»

Қазір болса, толқыған, қызу, байсалды көріністегі пейзаж композициясын сызық және ақ-қара әдісінде бейнелеуді үйренеміз.



«Қарағайлар». Түс, перо



«Алма ағашы». Түс

Бұл «Қарағайлар», «Алма ағашы» тушьпен істелінген композицияны орындауда сызық және жарық-көлеңкенің түрлі пішіндерінен, қалыңдатылған сызықтар және олардың түрлі бағыттарынан пайдаланылған.



«Иілген қайыңдар». Графика

Әрине, графикалық сурет салу үшін жайбарақат, тыныштық күйін бейнелейтін пейзажды орын таңдалады. Бейнеленетін пейзаж орны мұқияттылықпен бақыланып, соң салуға кірісіледі. Біз табиғаттың көрініс суретін кезең-кезеңмен салу арқылы амалға асырамыз.



**Бірінші басқышта** – пейзаж суретін қағазға көмекші сызықтар арқылы дұрыс орналастырамыз. Сызықты перспектива негізінде композиция суреті даяр болған соң, оны тағы бір рет натурамен салыстырып көріледі. Анықталған кемшіліктер түзетіледі.

**Екінші басқышта** – пейзаждың жарық-көлеңке жерлері анықталып, жеңіл сызықтар арқылы штрихтар жүргізіледі.

**Үшінші басқышта** – пейзаждың ашық-қою жерлеріндегі түсті қатынасы анықталады.

**Төртінші басқышта** – пейзаждағы ағаштардың көлемділігі, ерекше жерлері, көлеңкелері, олардың арасындағы өзара байланыстары соңына жеткізіледі. Қалың көлеңкелі жерлері қоюландырылып жинақталады.



Сабақтың соңында балалар салған суреттерден көрме ұйымдастырылады және оларға талдау жасалынады.



**Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Ақ және қара реңдердің бірігуі қай өнер түріне жатады?
2. Перспектива қандай мағынаны білдіреді?
3. Түсті перспектива не және ол қашан пайда болған?



**Үйге тапсырма.** Ақ және қара реңдерден натюрморт композициясын жасау.

### **13-сабақ. ТҮРЛІ ЖАҒДАЙЛАРДА ПЕЙЗАЖ СУРЕТІН ЖАСАУ**

**Бейнелеу өнерінде табиғат көріністерін көрсететін жанр – бұл пейзаж.** Онда, негізінен, табиғат, тау, көл, дала және қала көріністері көрсетіледі. Пейзаж суретшісі өз шығармалары арқылы табиғатқа болған қатынасын, ішкі сезімдерін, түрлі жағдайларды көрсетеді. Бейнелеу өнерінде пейзаж суретшілері: А.Саврасов, И.Шишкин, И.Левитан, О.Таңсықбаев, Н.Карахан, Р.Темиров, И.Шин және басқаларды атауымызға болады.

Пейзаж жанры біраз күрделі болғандықтан, бастапқыда, табиғаттағы кейбір нәрселердің жеке бөліктерін, бірер бөлегін өзіне қарап бейнелеу аса пайдалы болып табылады. Мысалы, ағаш денесін, бұтағын, бұта-жапырағын және басқаларды салу мүмкін.



*Тешабой Пирматов. «Таң»*



*Искра Шин. «Көктем»*

Мұнда нәрселердің ерекше белгілерін, бөлектерінің қатынасын, бағытын дұрыс бейнелеуге әрекет жасау керек. Ал кейін, бірер ағашты аспандағы бұлттармен бірге салу сияқты міндетті орындап, біртіндеп бүкіл пейзаж көрінісін салуға өтіледі. Мұндай жұмыстарды алдын қаламмен, одан соң бояумен орындау керек. Пейзаж жасауда жақын, орта және алыстағы нәрселер, негізінен, үш көріністе орналастырылады.

Жақын көріністегі нәрселер анығырақ, алыстағы нәрселер ашықтау салынады. Бұл көріністерді дұрыс бейнелеу үшін, алдымен, пейзажды мұқият бақылау, оны бейнелегенде алыстағы нәрселердің жақындағыға қарағанда кіші болуын есепке алу керек және ауа перспективасы

ережесіне қарай, алыстағы нәрселер рең мен түс жағынан жақындағыларға қатысты көмескілеу және ашықтау көрінеді.

Табиғаттың бір жағдайын бейнелеу үшін, алдын, көрініс нүктесі және көкжиек сызығы қай жерден өткендігін қағаз бетінде анықталынады. Сурет композициясын дұрыс табу үшін салынатын пейзажды шектейтін рамка пішініндегі құрылғыдан (картон немесе қағаздан жасалған арнаулы аспаптан) пайдалану мүмкін. Композициясы табылған соң, оны қағазда жеңіл-желпі сызықтармен салуға өтіледі. Мұнда жақын және алыстағы нәрселердің орналасуы, өлшемдері, ерекше белгілері, қатынастары және басқа қасиеттеріне көңіл аударылады. Бояумен орындау кезінде табиғаттағы реңдердің айналадағы басқа нәрселер реңіне әсер етуіне, композиция колоритінің (реңдер жиынтығы) бүтіндігіне назар аударылады.



**Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Пейзажшы суретшілерден кімдерді білесің?
2. Табиғат пейзажы бейнелеу өнерінің қай түріне тиісті?
3. Пейзажды бейнелеуде нелерге мән беру керек?



**Үйге тапсырма.** Табиғаттың күйін көрсететін бірер жағдайды бейнелеу.

### **14-сабақ. АЙЛЫ ТҮНДЕГІ НЕМЕСЕ КҮННІҢ БАТУ ШАҒЫНДАҒЫ АҒАШТЫ БЕЙНЕЛЕУ**

Желсіз, тыныш, жылы түн. Айнала жым-жырт. Аспанда толған ай сәулесін шашып, бүкіл далаға жарық беріп тұр. Су бетінде айдың сәулесі көлді көкшіл, сары, алтын реңге бояп, жарқырап тұр. Ағаштар бір-бірімен жай ғана сыбырласып, ұйқысыраған түннің тыныштығына құлақ салғандай.





*Архип Куинджидің « Айлы түн»*



*Ғафур Абдурахмонов. «Айлы кеш»*


Енді, осы көріністі қағазда бейнелеуге өтейік. Ол үшін суреттің негізгі суреттеу шешімін табу керек. Демек, бейнелеу өнер тілінде табиғат пейзажын бейнелеу дегені – көл, ай, ағаштар – мұның барлығы бір тұтас көріністі құрайды.

Табиғаттың сұлу пейзажын бейнелеу қаншалықты қиын екендігіне қарамай, суретші Ғ.Абдурахмонов өз ойын бізге шеберлікпен жеткізе алған. Бұлт арасынан шыққан ай су бетіне жарық сәуле шашып, су жағалары қызыл қоңыр түске боялып, алдыңғы көріністегі ағаштар қою бояулармен боялған. Барлығы өз орнын тауып, ауа, кеңістік, мекен айрықша мән берілумен көрсетілген.

Суретті гуашь немесе акварель бояулармен бейнелеу әрі олармен табиғат пейзажын сұлу және мазмұнды етіп салу мүмкін.

Өзбекстанда еңбегі сіңген тәрбиеші, танымал кескіндеме шебері Ғафур Абдурахмоновтың өзбек суретшілігінің дамуына қосқан үлесі үлкен. Ол Ташкент ауданы Келес қыстағында дүниеге келген. 1955 жылы П.Беньков атындағы Республика суретшілік оқу орнын бітірген. Ол жерде М.Набиев, Х.Рахманов, Т.Оганесов сияқты ұстаздардан сабақ алған. Одан соң, Ташкент театр және





*Неъмат Қузибоев. «Күннің батуы»*

суретшілік өнері институтының профессоры Р.Ахмедов шеберханасы бойынша аяқтаған. Ғ.Абдурахмонов кескіндеме өнерінде берекелі шығармашылық жасады. Оның шығармаларының мәнді қасиеті сонда, ол натураның шексіз мүмкіндіктерін толық меңгеруге әрекет жасады. Суретші шығармашылығында этюдтер ерекше орын алады. Табиғатта болып жатқан үдерістер, түстену және өзгерістер,

бір күйден екінші күйге өту, жарық-көлеңке әсерімен келе жатқан нәзік өзгешеліктерді байқап, суретте жандандыру суретшіден дарындылық және қабілет талап етеді.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Айлы түндегі немесе күннің бату шағындағы ағашты бейнелеуде нелерге мән беру керек?
2. Бейнелеу үдерісінде қандай реңдерден пайдаланылады?
3. Суретшілер А. Куинджидің «Кеш» және Ғ. Абдурахмоновтың «Айлы түн» шығармаларын салыстыр және оларға шолу жаса.



**Үйге тапсырма.** Күннің батуы кезіндегі пейзажды бейнелеу.

## 15-сабақ. 2- БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. ҚАБЫРҒА ГАЗЕТІН ЖАСАУ.

Жаңа жыл мерекесі, ескі жылды шығарып салып, жаңа жылды күтіп алудан басталады. Бұл мереке барлық мемлекеттерде дәстүрлі мереке түрінде атап өтіледі. Бұл мерекені шырша айналасында мерекелеу бір дәстүр салтына айналған. Жаңа жыл мерекесінде Аяз ата мен Қарқыздың келуі көбірек күтіледі.

Жаңа жылды күтіп алу, барлық мемлекеттерде өз жанұясымен атап өтіледі. Бұл мерекеде шырша безендіріліп, оған түрлі ойыншықтармен әшекейленеді. Адамдардың жүзінде күлкі, мерекелік қуаныш болады.

Әрине, мереке қарсаңында әрбір білім беру орталықтарында «Жаңа жыл» тақырыбында қабырға газеті жасалады. Қабырға газетін әзірлеуде екі ватман қағазды біріктіреміз. Біріктірілген қағазға Жаңа жыл тақырыбының аты бас тақырып етіп алынады. Жаңа жыл мерекесіне арналған суреттер қаламмен салынады. Әзірленген ойыншықтардың суреті газеттің керекті орындарына қойылады.



Жаңа жыл мерекесіне әзірленіп жатқан қабырға газеттің суреттері, жазу бөліктері реңдер жағынан бір-бірінен өзгешеленеді және ұқсастықтары үйлестіріледі.

Жаңа жылға арналған қабырға газеті тағы бір рет тексеріледі. Әзірленген қабырға газетті мектепте өткізілетін кештерде, ата-аналарды Жаңа жыл мерекесімен құттықтауда пайдалану мүмкін.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Жаңа жыл мерекесі қандай мереке?
2. Жаңа жыл мерекесі тақырыбына суретшілер жағынан жасалған шығармаларға талдау жаса.
3. Жаңа жыл мерекесіне арналған қабырға газетін шырша, Аязата мен Қарқыздың суреттерін бейнеле.
4. Қабырға газетті әзірлеуде қандай реңдерден көбірек пайдаланылады?



**Үйге тапсырма.** Жаңа жыл мерекесіне арналған суреттер салу.

## 16-сабақ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ АНИМАЛИСТИКАЛЫҚ ЖАНР

Анималистикалық жанр – бейнелеу өнері жанрларының бір түрі. **Ол латынша «animal» – жануарлар әлемі деген мағынаны білдіреді.** Анималист-суретші жануарлар әлеміне күшті қызығу және шеберлікпен жанасады.

Жануарлар әлемі алғашқы адамдар тіршілігінде үлкен маңызға ие болған. Сол дәуірде, олар үңгірлердің қабырғаларына киік, қодас, мамонттардың суреттерін салған.

Ертеде Жапония мен Қытайда жануарлардың суреттері декоративтік нақыштар түзуде және монументтік композициялар жасауда негіз боп есептелген. XVII ғасырда жануарлар әлемі анатомиясын ұлы суретшілер Леонардо да Винчи және А.Дюрерлер шығарған.

Ресейде тұңғыш анималист-суретші И.Гроот еді. Қарт мүсінші және графикалық суретші В.А.Ватагин өзінің шығармаларында жануарлар әлемін шынайы және нанымды бейнелейді.

Орталық Азиядағы бастапқы мүсіншілік ескерткіштері князь Романов сарайы (Ташкент) алдына орнатылған жануарлар мүсіні (ит, киік), Ситораи Мохи Хоса (Бұхара) есігінің алдындағы арыстандар мүсіні болып есептеледі.



Пётр Мордвинцев. «Үнсіздік»



Алишер Алиқулов. «Аң аулауда»

1886 жылы Ташкенттегі көрмеде ұста Тухта Содиқ Хужаев алебастрдан жасаған ат және киік мүсінін көрсеткені белгілі.

Бейнелеу өнерінің анималистикалық жанрында суретші П.Мордвинцев жасаған «Үнсіздік» атты шығармасында ат және құлынның жайлаудағы бейнесін көру мүмкін.

Анималистикалық жанрда, негізінен, мүсіншілеріміз салмақты шығармашылық туындыларын жасағандығының куәсі боламыз. 60-жылдардан бастап М.Мусабоев, А.Бойматов, Ж.Қуттимуратов сияқты ондаған дарынды мүсіншілер шығармашылық әлеміне кіріп келді. Олар өзбек халқының өткені, бүгінгі күні, тұрмысы, еңбектегі қызметі және шығармашылық жұмыстарын өз мүсіндерінде бейнелеген.

Абдумумин Бойматов 1934 жылы Ферғана облысының Бесбала қыстағында туылған. Өзбекстан халық суретшісі. Анималистикалық мүсін жанры бойынша бір қатар жұмыстарды іске асырған.

Тәуелсіздік дәуіріндегі мүсіншілік өнердің ұлылық түріне істелген тұңғыш тарихи шығармалар ретінде Әмір Темірдің айбатты атты мүсінін (И. Жабборов) атап өту керек.


Бұл дәуірде қондырғылы мүсіншілік өнер өкілдері Т.Тожихужаевтың «Шабандоз», Ж. Қуттимуратовтың «Аққу» сияқты көптеп шығармалары жасалды.



Абдумумин Бойматов.  
Шығармашылық жұмыс үстінде

Алишер Алиқулов 1966 жылы Ташкент қаласында туылған. Өзбекстан Республикасы өнер қайраткері. Тәуелсіздік жылдары қабілетті жас суретші анималистикалық жанрда салмақты шығармалар жаратты. Осы жанр бойынша «Мойынұсынбайтын» (2001), «Найзағайдан соң» (2002), «Таң» (2002), «Көкпар» (2005), «Жарыққа» (2005) сияқты бір қатар істерді амалға асырған.

## Практикалық жұмысты орындау



Ат суретін сызу әдістері



Қоян суретін сызу



## Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Анималистикалық жанр деген не?
2. Қай дәуірден бастап жануарлар бейнесі салынған?
3. Жануарлар мүсінін жасаған мүсіншілерден кімдерді білесің?
4. «Аққу», «Көкпар» шығармаларының авторы кім?



**Үйге тапсырма.** Бейнелеу өнерінде анималистикалық жанр тақырыбында практикалық жұмыс орында.





## 17-сабақ. «МЕН ДЕ ӘСКЕР БОЛАМЫН» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Тарихтан белгілі болғандай, Отанымыздың батырлары өте көп. Адамзат әрдайым өз қаһармандарының батырлығы, отансүйгіштігі, батыл және ержүректігімен мақтаныш етеді. Бұл туралы қазіргі жастарымыз тәуелсіз мемлекетіміздің Қарулы Күштерінде, шекара қосындарында күні-түн, өз Отаны, өлкесінің қорғауында қызметін батылдықпен өтеуде. Өзбекстан Республикасы Бірінші Президенті И.Каримовтың ұсынысымен 1992 жылдан 14 қаңтар «Отан қорғаушылары күні» ретінде кең аталып келеді. Отанымыз шекараларын қырағылықпен қорғап, өз әскери борыштарын шын көңілмен орындап келе жатқан батырларға арналған бір қатар шығармалар, ескерткіштер орнатылған.

Балалар, бүгінгі сабағымызда әскери отансүйгіштікке арналған «Мен де әскер боламын» тақырыбында сурет саламыз. Суретшілер тарапынан әскери отансүйгіштік тақырыбында жаратылған бейнелеу өнері шығармаларына талдау жасаймыз.

Батыр, ер жүрек өзбек ұлдары Екінші дүние жүзі соғысында ержүректік, батылдық әрекеттерімен қаһармандықтарын көрсетіп, қатар орден және медальдармен марапатталған.

Абдулхақ Абдуллаев өз шығармасында Екінші дүние жүзі соғысында батырлық пен ержүректік көрсетіп, 1945 жылы «Рейхстагқа» ту тіккен және бұрынғы «Совет Одағы Батыр» болған өзбек перзенті Ботир Бобоевты суреттеген.

5—Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)





Абдулхак Абдуллаев.  
Ботир Бобоев портрети



Берілген тақырып бойынша өздігінен композиция жасау.

Композицияның кезең-кезеңмен  
орындалатын жұмысы





### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Суреттерде қайсы санаттағы әскерилер бейнеленген?
2. Құрлық әскерлеріне қайсылар кіреді?
3. Шекарашылар не жұмыс істейді және көріністері қандай?
4. Олардың киім түстері туралы нені білесің?
5. Әскери қызметшінің бейнесі қандай орындалады?



**Үйге тапсырма.** Оқушыларға өздері жақсы көрген әскери жасақ әскерін сызып келу тапсырылады.

## 18-сабақ. «СӘУЛЕТКЕРЛІК» ТАҚЫРЫБЫНДА КОМПОЗИЦИЯ ЖАСАУ

Өзбекстан көне және тарихи архитектуралық ескерткіштерге бай, Исмоил Сомони кесенесі дүниежүзі сәулеткерлік және құрылыс мектептерінің сирек туындысы болып саналады. Теңсіз бұл архитектуралық ескерткішті сәулеткерлер және құрылысшылар мақтанышпен тілге тиек етеді. Исмоил Сомони кесенесі IX ғасырда Бұхарада сәулеткерлік өнері, құрылысшы техникасының соншалықты жетілгендігі мен дамығандығын көрсетеді. Міне, сол дәуірден бастап құрылысшылықта жоғары сапалы піскен кірпіш, алебастрлы қоспалар қолданылған.



Исмоил Сомони кесенесі



Минори Калон. Бұхара

Архитектор – қурушы кәсіп, қурылыс, қурылыс өнімдері сияқты мағыналарды білдіреді. Қурылыс дегенде, сәулеткердің жобасы мен сызбалары негізінде материалдарда көрініс тапқан ой, оның жасампаз-қурушы тарапынан жүзеге асырылуы түсініледі. Сирек ойларды өзінде топтастырған ғимараттың конструктивтік ерекшеліктері, пішіндердің әр түрлілігі, әдемілігі, әсемдігі, әлбетте, оның композицияның қурылымына, ішкі және сыртқы көркемдік ерекшеліктерінің байланыстылығына, көне сәулеткерлік әшекей мен байлықтарынан шеберлікпен пайдалануына байланысты.

Өзбекстанның түрлі облыстарында көне қаланың қираған орындары көп. Археологиялық қазбалардың дерегі бойынша, бұл қалалардан кейбіреулерінің жасы 2700 жылдан кем емес. Оларға Афрасияб (Самарқанд), Қызылтепа (Сұрхан алқабы), Ұзынқыр, Жерқорған (Қашқадария алқабы) және басқалар кіреді. Бұл көне қалалардың тарихы қазіргі Самарқанд (Афрасияб, Мароқанд), Кітап-Шахрисабз (Ұзынқыр) яки Қаршы (Жерқорған) аудандарына жалғасады. Яғни, Өзбекстанның көптеген заманауи қалалары мен әжептәуір көне қалалар тарихымен жақын байланыстық көзге түсіп тұр. Ең көне қалаларға сай, жалпы белгі, олардың қорғаныс қабырғаларымен оралғандығында.

Бүгінгі күнге келіп, қурылыс саласында да жаңа басқышқа қадам тасталды. Заманауи ғимараттармен бір қатарда шығыстық үлгі әдістегі архитектуралық ескерткіштер қурылды. Тек қана облыстарда емес, сондай-ақ аудандарда да көп қабатты және көк тіреген ғимараттардың қурылуы облыс сәулеткерлігінде тарихи оқиғаға айналды. Ташкент қаласындағы «Tashkent City» («Ташкент қалашығы»), Әндіжан қаласының «O'zbekim» көк тіреген ғимараттары солардың қатарынан.



Сәулеткерлік тақырыбына тиісті композиция жасауда заманауи ғимараттарда шығыстық әдістен пайдаланылады. Бастаудан алдын, әдеттегідей, қағаз бетінен көкжиек сызығы өткізіліп, аспан мен ғимараттар орналасатын шекара ажыратып алынады. Соң ғимараттың жалпы көрінісі қағаздың бетіне композиция заңдары негізінде орналастырылады. Бұл жерде алдыңғы көрінісі, арттағы заттар перспектива ережесін сақтайды. Ғимарат яки ғимараттардың сыртқы көрінісі, терезе, қабырғалардың түсі, пішіні, әшекейлеріне мән беріледі.

Сурет істеп жатқанда архитектуралық ғимараттың шығыстық пішіні қоршаған ортаның өзара сәйкестігі, адамдар кеудесі ғимараттардың өлшемдеріне қарай қатынастарына көңіл бөлініп бейнеленеді. Суреттегі жарық-көлеңке қатынастары, перспектива ережелерін сақтаса, сурет одан әрі сенімдірек, мазмұнды шығады. Композицияны қаламбейнеде істеп болғаныңнан кейін, түс беріп аяқтайсың.



Ислам цивилизациясы орталығының жобасы



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбекстанда құрылыс техникасы қашан және негізінен, қайсы қалада дамыған?
2. Сәулеткерлік қандай мағынаны білдіреді, айтып бер.



**Үйге тапсырма.** Дәптеріңе көне тарихи қалалар, әйгілі сәулеткер-құрылысшылардың және ескерткіштердің аттарын жазып ал.


## 19-сабақ. ШЫҒЫСТЫҚ ҚАЛА БЕЙНЕСІНІҢ ЭСКИЗІН ЖАСАУ

Самарқанттағы Ұлықбек медресесі, Бұхарадағы Калон мешіті, Хивадағы Ишан бекінісі күмбезі, Ташкент қаласындағы Кукалдош медресесі, Хастимом медресесі шығыстық әдіспен істелген тарихи құрылымдар боп есептеледі. Қаламызда қазіргі күнде құрылып жатқан заманауи ғимараттар және шығыстық құрылымдар арасында үлкен айырмашылықтар бар.

Шығыстық қала салудан алдын, арнайы ғимараттар көрінісін бейнелеп, бірер композиция түзіледі. Қала компози-



Темурилер тарихы мемлекеттік  
мұражайы. Ташкент




Александр Перов. «Халық  
шебері Ата Полвонов»

циясын салуда еркін ұғымда көріністердің жалпы орналасуы сызықтармен қағазға түсіріледі.

Қала композициясының эскизі қаламда салынған соң, негізгі реңдер дағы мен түсі жылы немесе суық реңдермен бояулар арқылы беріледі. Майда бөліктері анықталады және реңмен өңдеу беріледі. Содан соң ғана жинақталып аяқталады.







Шығыстық қала көрінісін жасау басқыштары



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Шығыстық құрылым боп есептелетін Ұлықбек медресесі қай жерде орналасқан?
2. Эскиздер қалай орындалады?
3. Шығыстық қала эскизін бейнелеуде нелерге мән беру керек?
4. Шығыстық әдіспен құрылған заманауи ескерткіштерді айтып бер.



**Үйге тапсырма.** Шығыстық қала композициясы бойынша шығармашылық жұмыс салып келу.


## 20-21-сабақтар. НАҚЫШ КОМПОЗИЦИЯСЫН ҚҰРУ

Өрнекшілік өнерінде бұйымдар әр түрлі нақыштармен әшкейленеді, олар үш түрге: **ислими, гирих (сығырайған)** және **күрделі нақыштарға** бөлінеді.

**Ислими нақыш.** Өсімдікке ұқсас пішіндегі қайталанушы бөлінулерден құралған нақыш түрі. Нақыш негізін **жіңішке**

**жіп, қысқа шыбық, жапырақ, бұталар** құрайды. Ислами нақыштың түрлері көп, бір-біріне үздіксіз жалғасып, оралып кететін шырмауық сияқты, өсімдік сияқты нақыштардың қайталануынан пайда болады және пішін ислими гүл, ислими шынжыр, ислими мадохил атымен аталады.

Ислами нақыштардан кең пайдаланылады. Халық шеберлерінен М.Тураев, Ж.Хакимов, Т.Тухтахужаев, О.Файзуллаев, Н.Иброхимов, М.Усмонов және басқалардың шығармашылықтарында мұны көруге болады (1-сурет).




Ислами нақыш үлгісі

Гирих нақыш үлгілері

Шкуфта

**1-сурет.** Ислами нақыш және гирих нақыш үлгілері



Мадохил

**Гирих нақыш.** Тура сызықты геометриялық пішіндер: үшбұрыш, төртбұрыш, бесбұрыш, алтыбұрыш, сегізбұрыш сияқты пішіндерден құралған нақыш. Бұл нақыштар көркем оюда, ағаш шеберлігінде көп қолданылады (1-сурет).

**Мадохил** – ислими нақыш элементі. Мадохил қызғалдақ, бойтұмар, үшбұрыш көрінісін ескеретін пішіндер мысалында кездеседі.

**Шкуфта** – ислими нақыш элементі. Қысқаша шкуфт деп те аталады. Шкуфта негізгі пішін жасайтын элементтерді бүршік – шиыршық көріністерінде өзара байланыстырады.





Ислими нақыш



Ислими мехроб нақыш

**2-сурет.** Күрделі нақыш үлгісі

**Күрделі нақыш.** Ислими және гирих нақыштарынан аралас тәрізде құралған нақыш күрделі нақыш делінеді (2-сурет).

Бұл нақыштар ағаш шеберлігінде жасалған қақпа, есік, баған, оймалы қабырға панно, кілем, сюзане, түс кілем, қобдиша және сандықтарды көркем әшекейлеуде қолданылады. Бұл бұйымдардағы нақыштар элементтерінің құрылымы және орналасуы, жасалуы тұрғысынан бір-бірінен айырмаланады (2-сурет).

Бүгінгі сабағымызда нақыш композициясын саламыз (3-сурет).

*Жапырақты ислими нақышты жарату.*


*Бірінші басқыш:* қағаздың төрт шет бөліктеріне жиек сал, қағаз орталығынан жатық және тік көмекші сызықтарды өткіз.

*Екінші басқыш:* жапырақты ислими нақышты пайда ететін үлгі шеңберді қағаздың ортасына, оң және сол тарапына жартылай шеңберді түсір.

*Үшінші басқыш:* шеңбер түсірілген бейнеге гүл нақыш пішінін жаса, сол пайда болған гүл нақышты оң және сол тарапындағы жартылай шеңбер ішіне сызып шық. Гүлдердің бір-бірін байланыстыратын жапырақ пішінін бейнеле.

*Төртінші басқыш:* пайда болған жапырақты ислими нақыштың артықша сызықтарын өшіріп, нақышқа рең таңда.


*Ескерту:* бұл жаттығуларды орындау үшін тор дәптер яки сурет дәптер, қара қалам, сызғыш және өшіргіш керек болады.



**3-сурет.** Нақыш композициясын сызу басқыштары

Нақыш өлшемдеріне мән берген тәрізде қаламды жеңіл, баспастан салу керек.

Жапырақты ислими нақыш үшін шаблонды циркуль және сызғыш көмегімен салып, даярлап алынады. Шаблон үлгі жапырақты ислими нақыштың жарты бөлігіне көздеп даярланады. Қағазға үлгіні екі рет орналастырылғанда жеке дара жапырақты ислими нақыш композициясы пайда болуы назарда тұтылады.



Үлгідегі нақыш композициясы симметрияға негізделген, яғни композицияның екі бөлігі симметриялық тәрізде қайтланады. Нақыш салуды бастаудан алдын, үлгідегі нақыштарды мұқияттылықпен күзет.

Кейін кезең-кезеңмен нақыштың басқа элементтеріне рең беріп шығылады. Соңғы басқышта жолақ беріп аяқталады.

Дәптерді таза ұстау керектігін жадында сақта.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Практикалық әшекей өнері түрлерін айтып бер.
2. Қандай нақыш түрлерін білесің?
3. Құралған нақыш композициясымен қандай бұйымдар әшекейленгенін білесің?



**Үйге тапсырма.** Құралған нақыш композициясын реңде аяқтап қой.

Мәтінде ажыратып көрсетілген сөздерді терминдер дәптеріңе жазып қой.

## 22-23-сабақтар. БҰЙЫМҒА НАҚЫШТЫ ӘШЕКЕЙ БЕРУ

Өзбек халқы күнделікті тұрмысында практикалық әшекей өнерінің өте көп үлгілерінен кең пайдаланылады. Мәселен, қарапайым (карниз, сурет рамкалары, қобдишалар) және күрделі (үстел, орындық, панно) бұйымдардың пішініне нақышты әшекей берілуі мақсатқа сай болады. Нақышпен әшекейленген әрбір бұйым, мәселен, қобдишаны алсақ, оның жоғарғы және жан тараптарындағы нақыштар өзіне тән ерекшеліктерге ие.

Құрметті балалар, бұйымдардың пішін және мазмұнының бірлігін, олардың өзара байланыстылығын білуіміз керек. Осы тұрғыдан халық ұсталары жұмыстарының үлгілері және олардан бұйымдарды нақышпен әшекейлеуде пайдалану ерекше мәнге ие.



Бұйымдардың пішіні, құрылымы және міндетіне сай нақыш жұмысы ізшіл және тәртіппен жүзеге асырылады. Оқушылар бадам гүлі, шеңберлі ислими, жапырақты ислими, мехроб ислими, бофталы ислими, шкифті ислими, гирих сияқты бейнелеудің ритмикалық бірізділігін яки сызықтардың тегіс өтуін практикалық қалай орындалуын білуі керек.




Құрметті оқушылар, тік төртбұрышты пішіндегі нақыштардың өзіне сай ерекшеліктерін практикалық өнер бұйымдарының суреттері, репродукцияларында көреміз және оларға бірге талдау жасаймыз. Бұл қолданбалы өнер бұйымдарында негізгі назарды олардың композициясына, реңдеріне, әшекей элементтеріне өзара байланыстылығына, нақыш фоны (негізі) және әшекейлерінің өзара сәйкестігіне қаратамыз. Тік төртбұрышты пішіндегі нақыштардың композициясы квадрат пішіндегі нақыштардың композициясына өте жақын. Балақайлар, еске алып көріңдер, мұндай нақыштарды төртінші сыныпта бірнеше рет салғансыңдар.

Сендер де шеберлер сияқты бұл нақыштарды жасауларың мүмкін. Нақыш жасауға кірісуден алдын, нақыш композициясын қобдишаны әшекейлеу үшін көздейміз.


Балалар, бұл нақыш элементтерін салып, жаттығу жасауың мүмкін. Үлгі ретінде қобдиша нақыш әшекейлерінің жайылмалары келтірілген. Бұл екі жайылмадағы нақыштың бірі гирих, екіншісі ислими әдісінде жасалған болады (а, ө-суреттер).



а-сурет. Бофтапы ислими



ө-сурет. Гирих



Бейнелеу қызметтің бірінші басқышында, нақыш композициясындағы сызбалардың бірерін көшіріп алу үшін нақыш элементтерінен қалауыңша таңдап ал және оларды салынған эскиз үстінде бейнелеп, жаңа композициялар жаса. Соң композиция жоспарын жаса және салу үдерісінде пішін мен негіз бойынша таралатын реңдер де элементтердің өзара үйлесімділігін есепке ал.

Мұның үшін алдымен нақыш композициясының қаралама нұсқасы салынады. Соң осы қаралама негізінде әрбір бөлікке өңдеу берілген тәрізде оның нұсқасы керекті жайларға көшіріледі және жеке нақыш композициясы құрылады. Нақыш композициясы жасап алынғаннан соң, оны реңде жасауға өт. Нақыш кезең-кезеңмен бояп аяқталады. Рең беруде де төртбұрышты нақыш жасауда көрсетілген ережелер сақталады.

Құрметті балақайлар, нақыштардың реңдерін өздерің жеке дара таңдайсыңдар. Нақыштарда ақ, көк, қызыл, сары, ауа рең, ашық қоңыр реңнен ең көп пайдаланылады. Рең таңдауда олардың санын белгілі мөлшерде шекаралау қажет. Әйтпесе, біркелкілік және нақыш реңдерінің сәйкестігі бұзылуы мүмкін.

Аталмыш тапсырма өз мазмұнына қарай шығармашылық жұмыс болғандығы себепті, оны үйде яки келесі сабақта жалғастыруларыңа болады. Бірінші сабақта нақыштар қаламда жасалса, екінші сабақта боялады.





### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Квадрат, шеңбер, төртбұрыш пішіндегі нақыштардың айырмашылығы неден тұрады?
2. Тік төртбұрышты пішіндегі нақыштар қай жерлерде кездеседі?



**Үйге тапсырма.** Сынып жұмысын жалғастыр және аяқтап кел.

## 24-сабақ. 3-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. МЕРЕКЕГЕ ҚАБЫРҒА ГАЗЕТІН ШЫҒАРУ

Қабырға газеттердің түрлері көп болады. Олар юмористік, сатиралық, яки бірер мерекеге арналған арнайы газет болуы мүмкін. Мектепте қабырға газеті жетекші орынды алады. Олар мереке күндеріне қатысты шығарылады. Бүгінгі газетіміздің тақырыбы 8-март – Халықаралық әйел-қыздар мерекесіне арналған. Бұл мереке күні әрбір оқушы өз анасын, әжесін әпке-қарындастарын, мұғалімін мерекемен құттықтайды. Газеттің аты қағаз форматының жоғары жағында, газет тақырыбы үшін ажыратылған бөлікте ірі әріптермен жазылады.



6–Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)

Газеттің атын жазуда жазба, баспа, курсив және түрлі көркем әріптерден пайдалану мүмкін. Әсіресе, тақырыпқа сай тартымды суреттер үлкен рөл ойнайды. Суреттер газет мазмұнына сәйкес болса, оқушыларды өзіне тартады.

Қабырға газетті безендіруде, бөлімдердің тақырыптарына, мақалаларға соңғы безендірулер мен түрлі карикатураларға мән беру керек болады. Мысалы, 8-март мерекесіне арналған қабырға газетті қарастырайық. Безендіруде, әрине, сол жағында әйелдер, көктем гүлдері бейнеленеді және тақырып ірі әріптермен жазылады. Оң жағы бағандарға бөлінеді, бірінде құттықтаулар, мақала, сурет-карикатуралар орналастырылады.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. 8-март мерекесі қандай мереке?
2. Қабырға газетті шығарғанда нелерге мән беру керек?
3. Қабырға газетті істегенде қандай бояулардан пайдаланылады?
4. Қабырға газеті қандай бөліктерге бөлінеді?




**Үйге тапсырма.** 8-март қабырға газетіне құттықтау сөздер, мерекеге арналған өлеңдер және мереке гүлдерінің суретін салу.

## 25-26-сабақтар. КӨРКЕМ БЕЗЕНДІРУ ГРАФИКАСЫ

Мектепте өткізілетін кештер, кездесулер, көрмелердің ашылуы, олардың талқылануы сияқты шараларды іске асыруда шақыру хат, рәміздердің белгілі үлесі бар. Шақыру хат көп нұсқада жазылады. Соның үшін, ол қарапайым және айқын болуы керек. Шақыру хатты әзірлеуден алдын, оның эскизі (бітпеген суреті) істеледі және ұжымда талқыланады. Содан соң, эскиз өлшеміндегі үлкендікте картоннан пішін жасап алынады. Кейін бұл пішін ақ қағазға қойылып, керекті мөлшерде қағаз кесіп алынады. Шақыру хаттың өлшемі



1:2 қатынаста болғаны жөн. Бүктелген қағаздың сыртқы жағына «Шақыру хат» сөзі жазылады. Бұл сөз плакат, көркемжазу, трафарет әріптерімен жазылуы мүмкін. Жазу-





Өзбекстан  
Республикасының  
Мемлекеттік елтаңбасы



Өзбекстан Республикасының  
Мемлекеттік жалауы

дан тыс, түрлі бейнелер немесе оқиғаның мазмұнынан хабар беретін суреттер де жасау мүмкін.

Шақыру хаттың ішкі жағында шақырылатын тұлғаның есімі, әкесінің аты, болатын іс-шараның аты, қашан, қай жерде өткізілуі және бұл кешті кім ұйымдастырып жатқаны көрсетіледі.

Кез келген мемлекеттің өз рәмізі болады. Оның қасиетті белгілері – елтаңба, жалау, әнұран болып есептеледі. Өзбекстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасын танымал графикалық суретші Анвар Мамажонов жасаған және 1992 жыл 2 шілдеде бекітілген.

Республикамыз елтаңбасының құрылысы домалақ пішінге ие. Оның сол жағында мақтаның ашылған шанақтары, ал оң жағында бидай масақтары Өзбекстан жалауымен оралған күйде бейнеленген. Елтаңбасының жоғары бөлігінде сегіз бұрыш ішінде жарты ай және жұлдыз бейнеленген. Ортада бейнеленген қанаттарын жазып тұрған Хумо құсы халқымыздың тыныштық, татулық, молшылық, бақытырысқа ұмтылу жолындағы арман-үміттерін бейнелейді.

Бейнелеу өнерінің рәміздермен айналысатын салалары бар, олар кескіндеме, графика, дизайн өнерін өзінде жинақтаған күйде рәміздік белгілерді бейнелейді.



**Көркем әріптер.** Кітап мәтіні немесе бөлімдерінің басталуынан алдын түрлі безендіргіш әріптер және тақырыпты суреттер бейнеленеді. Бұларды **бастауыш әшекейлер** (бас әшекей) деп қолданылады.

**Мұқаба** деп кітап парақтарын біріктіретін, қалың немесе жұқа әшекейлі бөлікті айтады.

Мәтін басында бірінші әріп басқа әріптерге қарағанда біраз үлкендеу етіп жазылып, түрлі нақыш пен сурет реңдермен боялуы мүмкін. Бұның аты инициал деп аталады. «Инициал» – латынша сөз болып, аударма мағынасы – «бастауыш әріп» дегенді білдіреді. Инициалдардың көрінісі түрліше болады. Ол басқа әріптерден өз реңі



Мұқаба үлгісі

және пішінімен өзгешеленеді. Қарапайым суреттер, нақыштар, гүлдермен безендірілуі мүмкін.

Мәтін аяқталғаннан кейін, оның астына соңғы әшекейлер істеледі. Ол бастауыш әшекейлерге қатысты кішілеу болады. Соңғы әшекейлер ретінде түрлі нақыштар, гүлдер, рәміздер, кіші тақырыпты суреттер, қарапайым сызықшалар, әр түрлі символдық суреттер пайдаланылады. Соңғы әшекейлер мәтіндерді толықтырып, парақтың бетін безендіреді.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Көркем әшекей графикасының мағынасы нені білдіреді?
2. Шақыру хаттың міндеттері неден құралады?
3. Рәміз қандай мағынаны білдіреді және не үшін керек?
4. Бас әріптер қалай аталады?
5. Мұқаба деп нені айтады?



**Үйге тапсырма.** Мектебің, махаллаң, үйірмелеріңнің рәміздік белгісін жаса.



## 27-сабақ. БЕЙНЕЛЕУ ӨНЕРІНДЕ ПОРТРЕТ ЖАНРЫ


**Адам образының жасалуы портрет өнері деп қолданылады.** Портрет жанрында кей тұлға немесе адамдар тобы суретке алынады. Суреттің өзіне тәндігіне қарай, портрет қондырғылы (картиналар, бюсттер, графикалық шығармалар) және айбатты (нақыш, кірпіш күйдіру, мүсін), салтанатты және басқа көріністе болады. Портрет медальдарда, миниатюра әдісімен де орындалады. Портрет жеке, екеулік және топты түрлерге бөлінеді. Портреттің өзіне тән жанры – автопортрет. Портрет жасауда адамның анатомиялық құрылысынан тартып, ішкі рухи, рухани күйі, сондай-ақ, сыртқы көрінісіндегі барлық жақтары көрсетіледі.

Портрет бейнесі қолданылуына қарай сызықты және түсті болады. Сызықты сурет ашық, жеңіл және қорытыналған болады. Сызықтар арқылы көркем бейне жасалады, кестелер, шартты сызбалар, сынып тақтасындағы суреттер солардың қатарында.


Кейбір бұйымдардың сәулесі және сыртқы көрінісі арқылы характерлі көрінісін бейнелеуде түсті суреттің қарапайым түрі таңдалады, бұл силуэт деп аталады, яғни бірдей тегіс түспен қапталып, сыртқы көрініс сызығы арқылы орындалатын сурет.

Суретші Баходир Жалолов Комил Ёрматов пен Малик Қаюмов тұлғасын барынша үлкен кәсіп шеберлігімен шын көңілден бейнелеген. Ол өз туындыларында Өзбекстан кино өнерін өзгеше бір дарынмен бейнелей алған.





*Сергей Редкин. «Мусінші  
Махмуд портреті»»*



*Абдулхақ Абдуллаев.  
«Автопортрет»*

Шығармашылдық туындылары арасында «Документті кинофильм шебері Малик Қаюмов» портреті де бар. Малик Қаюмов Өзбекстанда бірініші құжатты және көркем фильмдерді суретке алуда қатысады. Ол екі жүзден артық документті және ғылыми-бұқаралық фильмдерде өзбек халық тарихы, мәдениеті мен өнерін дүниеге әйгілі етті, өзбек документті киносына негіз салды және мектеп жаратты. Оның документті кинофильмдері «Төрт қақпалы қала», «Өзбекстан бойлап саяхат», «Ташкент – тыныштық қаласы», «Өзбекстан өнері» және басқалар.

Шығармада М.Қаюмов портреті диванда ыңғайлы сүйенген, аяқтары айқастырып, өз ойларына терең шұңғып отырған күйде бейнеленген. Портретте жеңіл, мұңды күлкімен, тынымсыз еңбек етуге үйреніп қалған дана адам характері берілген. Портреттің барша жақтары сәйкес.






*Баходир Жалолов. «Документті кинофильм шебері Малик Қаюмов»*

Ол көкшіл түстегі костюм киген, бұл жылы алтын түсте жасалған бетіне қарама-қарсы қойылған. Күміс сияқты ақ шаштары арқаға таралған, мұнымен оның кең маңдайы ашып қойылған, ашық сиярең көйлегі мойнын жасырып тұр. Костюм, көйлек, күлрең шалбары мен денесінің барша иілген жерлерінде киім бүктемелері анық көрсетілген, олар өнерпаздың әрекет-пішінін ашып береді. Малик Қаюмов суреті мекен фонында жасалып, жарқын шексіз аспан, акварель бояумен жасалған жерге тұтасып кетеді.

Кинорежиссер Шухрат Аббосов портретін суретші Рахим Ахмедов жасады. Портрет төртбұрыш рамканы бойлап, еркін сүйенген күйде отыр. Портретте жарқын фон жылы, тым жасыл түсте. Онда режиссёрдің кеудесі және жанынан мәнерлі сызылған басы көзге көрінеді. Оның көздері сұхбаттасына ойшаң және қатаң тігіліп тұр. Қолдың көрсеткіш саусағы алға созылған. Бүкпелерінде нұр ойнаған көктемгі жасыл бояуына күрделі жасалған атлас перде ақ

жеңіл көйлегімен креслоның қызыл сүйенішіне қарама-қарсы қойылған. Өнерпаздың нiмшесi мен шалбары, олардың нәзiк түсi алтын сияқты охраға күйдiрiлген сүйек ұнтағымен жасалған. Олар кресло үстiнде дара дақ сияқты көрiнедi және кеудесiнiң нәзiк әрекетiн көрсетедi.



*Рахим Ахмедов. «Кинорежиссёр Шухрат Аббосов»*

Кинорежиссер Шухрат Аббосов тарапынан «Махаллада ду-ду әңгіме», «Сен жетім емессің», «Ташкент – нан қаласы», «Әбу Райхан Беруни», «Сотқар бала», «Атамнан қалған далалар» сияқты ондаған фильмдер суретке түсірілген.

Адам бейнесін жасау, бейнелеу өнерінде ең күрделі үдеріс есептеледі. Бейнелеу өнерінің портрет жанры адамның рухани көрінісін өзінде бейнелейді. Портрет арқылы адам бейнесін шебер көрсете алған, ұлы суретшілер



*Икром Баҳромов.*  
«Ана» портреті



*Абдулхақ Абдуллаев.*  
«Чингиз Ахмаров»

қатарына Камолиддин Бехзод, Леонардо да Винчи, Рембрандт, сондай-ақ, өзбек суретшілерінен Абдулхақ Абдуллаев, Рахим Ахмедов, Чингиз Ахмаров, Малик Набиев сияқты бірталай суретшілерді енгізу мүмкін.

Адам басының бейнесін жасауда – жалпылықтан жекелікке және жекеліктен тағы жалпылыққа өту қағидасына негізделеді. Басқаша айтқанда, натураның бөліктеріне талдау жасау арқылы жалпы пішін бейнесін көрсету ережесін сақтау керек.

Оқушылар оны оңай меңгеріп алулары және мазмұнымен жақсылап танысып шығу үшін сурет жасау жеке-жеке басқыштарға бөлінеді.

Оқушылар сурет салуда сызықтардан қалай пайдалануы керек, бас пішінін бірден анық салумен көрсету керек пе немесе тек жеңіл ғана салу керек пе, деп сұрайды. Бұл орын-



да қаламмен белгілі уақыт талқылау жасап, содан соң пішінді бейнелеу, қағаз үстінде тез-тез жүргізу және белгілер салу керек болады. Ең негізгісі, басып салмау. Өйткені кара сызықтар қателерді көре білуді қиындатады. Ал бұл қателерді түзету одан да қиын.

Көргенді есте сақтауды дамытуға арналған жаттығуларды үйде де жалғастыру пайдалы.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:


1. Суретте кімдер және қандай оқиға бейнеленген?
2. «Кинорежиссёр Шухрат Аббосов» портретінің авторы кім?
3. Суреттерде жылы реңдер көбірек пе немесе суық реңдер ме?
4. Суретшілер сурет арқылы қандай идеяны алға қойған?
5. Суреттерде адамдардың киімдері арқылы олардың қай дәуірге тиісті екендіктерін білуге бола ма?




**Үйге тапсырма.** Танымал суретшілер шығармаларын тауып, талдау жасау.

## 28-сабақ. «ТАРИХИ ТҰЛҒАЛАР» ТАҚЫРЫБЫНДА ПОРТРЕТ ЖАСАУ

Графикалық әдісте портрет сызудың **бірінші басқышы** маңызды мәнге ие. Портреттің мазмұнды шығуы сол басқышты дұрыс орындауға байланысты. Өйткені, бұл басқыш суреттің негізі болып есептеледі. Орындау басқышының заңдарына сүйеніп, бастың жалпы пішіні қағаз бетіне салынады. Бұл жерде бастың алдыңғы және төменгі жақтарынан басқа жақтарына қатысты көбірек жай қалдырылады. Одан сызық көмегімен бастың бұрылыс бағытын белгілеп, тік орта сызық өткізіледі. Бұл сызық шүйде, қас аралығының, мұрынның ұшы және иек көтермесінің тірек нүктелерінен шеңбер түріндегі сызықты жасайды. Тірек нүктелерінен көз оғына параллель көмекші сызықтар жүргізіліп, бастың негізгі қатынастары белгіленеді. Салыстыру үшін шама өлшеміне мұрынның ұзындығы алынады. Бұл жерде көздің оғы бастың да, горизонталь оғы болып есептеледі. Сол сызық ұзындығынан көздердің шеткі нүктелері, құлақтың есіту тесігі мен сыртқы пішіні белгілеп алынады.



Портреттің арақатынасы




Портретті алды жағынан көрінісін бейнелеу басқыштары

**Екінші басқышта** бастың негізгі бұлшық еттерінің жалпы пішін құрылысы белгіленеді.

Алдыңғы басқышта мұрынның орны белгіленген болса, енді оның жалпы сызықты каркасы бейнеленеді. Оның жалпы кескіні призмаға ұқсап, төрт жазықтықтан құралады. Мұрынның ені көздің ұзындығына тең және сол қатары көздің шеткі нүктесі мен бастың шеткі иек сызығына дейінгі аралық өлшемі де, тең болуы мүмкін. Сөйтіп, мұрынның ені бастың көлденеңдігін өлшейтін өлшем есептеледі. Бастың көлденеңі жеті мұрын еніне тең (екі құлақ жарғағын есепке алғанда). Бұл өлшеммен бастың тік ұзындығын да белгілеу мүмкін, бірақ көбірек бастың бойы мұрынның ұзындығымен өлшеп келінген. Сол өлшеммен есептегенде, бастың ұзындығы үш жарты мұрын ұзындығына тең келеді. Бұл салыстыру төмендегіше: иектің төменгі шеткі нүктесінен мұрынның ұшына дейін, одан қастың сызығына дейін және қастан маңдай шығыңқысына дейінгі аралықтар. Маңдай шығыңқысынан төбеге дейінгі аралық, сол өлшемнің жартысына тең келеді. Мұрынды сызу үдерісінде, оның екі жағында көз тостағанының жалпы пішінін салып, ішіне шар тәріздес

көз алмасы белгіленеді. Одан үстіңгі қабағы мен астыңғы қабағының көз орталығынан қанша аралықта орналасқаны анықталады. Көзді салу кезінде, екеуінде бір мерзімде (параллель) салу керек, өйткені, олар бастың (беттің) екі жағында симметриялық жазықтықта орналасқан. Құлақты салғанда да, сол әдісті қолдану керек. Осы арада бір нәрсені ескере кеткен жөн. Мұрынды салу кезінде, құлақтың да құрылысын белгілеу керек, себебі олардың ұзындығы бірдей және бір қатарда орналасқан.



Портретті профилде бейнелеу басқыштары

Суреттелетін бас алдынан емес, бөлкім жанында болғаны үшін кейінгі көріністегі көз немесе құлақ жақын орналасқан болады. Бұл перспектива заңдылықтары, оны іс жүзінде қолдану естен шықпау керек.

Жалпы алғанда, бас бұлшық еттерін салу барысында олардың қатынастарын тексеріп, көлеңке-жарықтары белгіленіп, штрихтардың беріліп барылуы мақсатқа сай.

**Үшінші басқыш** – шашты салу барысы. Шашты салғанда, оның жарық бөлігі адам бетінің көлеңкесіне қатысты қою қара болады. Штрихтарды шаштың бағытына қарай

жүргізу керек, себебі бұл оның табиғилығын көрсетеді. Бұл басқышта көзді салуға да мән беру керек. Көз – адам бетінің «айнасы». Көз арқылы адамның ішкі әлемі және жас ерекшеліктерін көрсету мүмкін. Соның үшін бейнелеудегі сурет адамның табиғи көрінісіне ұқсауы көбірек көз немесе көз қарашығын шебер бейнелеуге байланысты.

Жоғарыдағы үш басқышта бейнелеу жалпыдан жекеге қарай істелген болса, бұл жерде, керісінше, жекеден жалпыға қарай бейнеленеді, яғни бастың көрінісі жинақталып аяқталады.

Портретті кескіндемеде салудың да маңызды мәні бар. Графикалық тәсілде орындау сияқты кескіндемеде де басқышты суреттер жасау мүмкін. Реңмен істегенде онда сан алуан бояулар болмау керек. Портретті реңмен жасау үшін негізгі реңдерді көрсететін бояуларды тауып, олардан дұрыс пайдалану керек.

Тарихи тұлғалар дегенде Спитамен, Шырақ, Томарис, Мұқанна, Әмір Темір, Беруни, Бабыр, Әл-Хоразми сияқты ұлы бабаларымызды тән аламыз. Оларға арналған көптеген тарихи, көркем және ғылыми туындылар жазылған. Өз кезегінде, мәселен, сайыпқыран Әмір Темір бабамызды ба-тыл және әділетті патша ретінде танимыз.

Өзбек портрет өнерінің шебері Малик Набиев тарихи тұлғаларға тиісті бір қатар портреттер жасаған. Олардың арасында суретшінің «Спитамен көтерілісі», «Әбу Райхан Беруни», «Мырза Бабыр», «Әл-Хоразми», «Фитрат», «Усман Насыр», «Әмір Темір» сияқты туындылары назарға лайықты.

Өзбекстан халық суретшісі, академик Малик Набиев ұлы тұлғалар образын өзіне сай талқылаған дарынды қылқалам иесі. Оның «Әмір Темір» портреті пікіріміз кепілі болады. Ұлы сайыпқыранның өз тағында ойшаң, қылыш тұтқасына қолдарын қойып отырған жағдайы шебер бейнеленген. Оның ел тыныштығы, халық жасампаздығын өте зеректікпен шолу



жасап жатқандығы сенімді көрсетілген. Басындағы патшалық тәжісі келіскен кеудесіне өте сай түскен. Оның барынша талапшандығы, ержүректік пен ептілік, өте тапқырлығы бет көрінісінде өз шешімін тапқан.

«Әбу Райхан Беруни» портреті композициясы қарапайым және мәнерлі шыққан. Ғалым, аяқтары ойма нақышты, өсімдік нақыштарымен әшекейленген кішкене хантақта жанында көрерменге қарап отырған күйде бейнеленген. Хантақтаның үстінде ғалым сол қолымен ұстап тұрған қолжазбалар тұр. Оның жеңінде шеттері және жеңіне әшекейлі жиек тігілген шайы, сарай шапаны. Ол күрделі, өзгерушең сиярең қызғылт түсте. Бір мезетке Беруни қолжазбалардан бас көтерген және көзқарастарына қаншалықты зейін мен керілгендік жинақталғанын көру мүмкін. Бұл адамның пікірі, ақылы, ішкі қуатының үлкен әрекеті



*Малик Набиев.*  
«Әмір Темір» портреті



*Малик Набиев.*  
«Әбу Райхан Беруни»

7–Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)



Малик Набиев. «Мырза Бабыр»

сезіледі және суретші бұл қасиеттердің баршасын өз туындысында бере алған.

Малик Набиев жасаған «Мырза Бабыр» образында ақын мен билеуші характерін барынша терең көрсете алды. Суретші бұл портретті үлкен өмірлік қуатқа ие болған дәуір рухы көрсетілген тарихи құжатқа айналдыра алды. Сурет жылы, жарқын түсте жасалған.

Мырза Бабыр портретте жан тарапынан бейнеленген, оның ой-пікірі алыстарға қадалған, бұл оның назарын бір нүктеге жинақталғандығын көрсетеді. Сарай бөлмелерінің бірінде отырған билеушінің назары, маңызды мәселені шешуге қаратылғандығы сезіледі. Әшекейленген тере-

зе тақталары артында Дехли қаласы бейнеленген. Бір қолын иегіне тіреген, қалам ұстаған басқасы төмендегі жастыққа тіренген. Билеушінің мәртебелі әшекейлі киімінде түрлі күйдегі бөкендер бейнеленген. Ол өзінің әшекейлерімен көрерменде бай елес оятады.

Суретші Неъмат Қузибоев тарапынан жасалған «Әбу Әли ибн Сино» портреті нәзік күміс сияқты бояуларда бейнеленген. Портретте Әбу Әли ибн Сино биік ағаш орындыққа артқа сүйенген күйде отыр. Балауызтор көрінісінде темірмен қоршалған терезе арқылы күн сәулесін шашуда. Ғалым созылған қолындағы шиша ыдыстағы сұйықтыққа мұқияттылықпен қарап тұр. Шығарманың сол бұрышы жоғарысында қалың кітаптар теріп қойылған аспалы кітап сәресі бейнеленген. Суреттің оң бұрышындағы төменде жазу құралдары қойылған дөңгелек ағаш шеберлігімен әшекейленген орындық қойылған.

Оның желкесінде кең күміс сияқты атластан киім, басында шайы жіптермен кесте әшекейі суреттелген биік үшбұрышты бөрік бейнеленген. Сурет сиярең, көкшіл және алтындай қызғыш түстерде жасалған.

Суретші Ибн Сино образы төртбұрыш мата бойында көрініс тапқан.



Неъмат Қузибоев.  
«Әбу Әли ибн Сино»



Неъмат Қузибоев. «Мұхаммет ибн Мұса әл-Хоразми»

Тарихи тұлғалар образын жаратуда суретшінің тек қана кәсіп шеберлігі жоғары болуы, бәлкім адамзат тарихы және мәдениетін жақсы білуі, өткір психолог болуы, ең негізгісі көңіл білдіруші, шыншыл және еңбексүйгіш адам болуы қажет.

Суретші Неъмат Мирзабоевич Қузибоев ұлы ғалым «Мұхаммет ибн Мұса әл-Хоразми» образын көрсететін туынды жасады. Мұхаммет ибн Мұса әл-Хоразми алғашқы тәлімді Мауарауннахр және Хорезмнің ұлы ғалымдарынан алған.

Әл-Хоразми IX ғасырдың ірі ғалымдарының бірі саналып, ұлы математик, географ және тарихшы болған. Ол қазіргі компьютер техникасының негізін ұйымдастырған математикадағы алгоритмдердің жаратушысы болып табылады. Кейбір деректерде, Әл-Хоразмиді «Әл мажуси», яғни абыз деп атайды, бұдан ол исламды қабылдаған зардушти абыздар ұрығынан келіп шыққандығы айтылады.

Өзбек халқының тарихы мен әдебиетін жақсы білген суретші Неймат Қузибоев жасаған портреттерінің бірінде ағартушы ақын Фурқатты бейнелеген. Ақын Фурқат (Зокиржон Холмухаммедов, 1858–1909) **Орталық Азия бойлап көптеген саяхаттар жасаған** өзбек әдебиетіндегі реализмнің негізін салушылардың бір болып саналады.

Суретші ұлы ақынды таста отырған жағдайда бейнелеген, тас көгілдір көлдің жанында, оның тынық суы бетінде тұманмен қапталған биік сиярең-қызғыш таулар суреттелген. Ақынның аяғының астында тау шөптері мен гүлдері өсіп жатыр. Көл үстінде кемпірқосақ бейнеленген, туындының түсі барынша жағымды. Оның үстіне ала шапан тастап қойылған, қара камзол арқылы ақын образы бүкіл кеудесімен көрінеді, онда Фурқаттың беті мен қолдары анық көрінген. Ақын бетінде ойшаңдық пайда болып, ол алыс-алыстарға мұңды қарайды.

Портретте ақын Фурқат көңіліндегі Отаннан айрылу сезімін сезуге болады. Бейнелеу өнері шебері Неймат Қузибоев тек қана таңғажайып кескіндемеші емес, бәлкім, жақсы психолог та болған. Оның портреттеріндегі образдарында суретші тұлғалар характерін өте жақсы білгендігінен дерек береді.

Тарихи образды жасаған кескіндемеші, Өзбекстан халық суретшісі Рузи Чориев кинорежиссёр «Шавкат Абдусаломов» пен «Сайробтық қария» портреттерінің авторы болып табылады.



Неймат Қузибоев. «Фурқат»



Рузи Чориев.  
«Сайробтық қария»

Бейнелеу өнерінің шебері Рузи Чориев 1931 жыл Сұрхандарияның Пашхурт қыстағында туылған. Өзінің дарыны және еңбексүйгіштігінің арқасында ол Ленинград (қазіргі Санкт-Петербург) қаласындағы И.Я.Репин атындағы кескіндеме, мүсіншілік және архитектура институтында суретшілік бағыты бойынша білім алып, жоғары мәліметке ие болды.

Әсіресе, «Сайробтық қария» портреті реңді, рухани өмірді шынайы психологиялық көрсетілгендігімен ажыралып тұрады. Портретте Екінші дүние жүзі соғысының ауыр жылдарын басынан кешірген және орденмен марапатталған адам бейнесі көрсетілген.

Назарды өзіне тартатын созылыңқы әжімдер түскен бетінде дана, сол кезде керілген және өткір көздері тікелей көрерменге қарап тұр.

Кезектегі туынды кинорежиссер және актер Шавкат Абдусаломов портреті суретші Рузи Чориевтің өз дәуірінде жасаған ілтипатқа лайықты туындыларының бірі болып саналады. Кинорежиссер мен актёр туындыда суретшінің коттеджі алдындағы бақшада бейнеленген. Портретте оның бүкіл бойымен көктемгі жасыл түсте, желкесіне қара-күмістей көк костюм тастаған және біраз басын иіп, қабағы астынан назар салып жатқан жағдайы бейнеленген. Ол достардың ортасында сүйкімді, ақылды, дарынды, ілтипатты және сонымен қатар сыпайы.

Рузи Чориев өзінің сыныптасы мен қазіргі уақытта әлемге әйгілі кино шебері, суретші, өнертанушы Шавкат

Абдусаломовтың фигурасымен жасалған портретінде жоғары ой шыңына қол жеткізген, адамның бейнесін өте үлкен шеберлікпен суреттейді. Портрет қаһарманын гүлзарда суреттеу арқылы, оның өнер әлеміне тиісті және бай ішкі дүниесіне ие тұлға екендігіне мән береді. Суретке назар салған, әрбір көрермен туынды қаһарманы онымен мәміле жасауға дайын тұрған жағдайын сезеді және табиғи, бұл адамды сұхбаттасынан нелер туралы сұхбатқа шақырып жатқандығы туралы ойлауға шақырады.



Рузи Чориев.  
«Шавкат Абдусаломов»

Экспрессивті – қарқынды әдісте, қысқа мерзімді сеанста жасалған бұл туынды ХХ ғасыр Өзбекстан портрет өнеріндегі рухи психологиялық портреттер қатарынан орын алған



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Портрет графикалық әдісте қалай орындалады?
2. Портретті салуда нелерге мән беру керек?
3. Қағазға қалай орналастырылады?
4. Портретте шамалар өлшемі қалай іске асырылады?
5. Портрет жасауда штрих бағыты қалай жүргізіледі?
6. Сен қандай тарихи тұлғаларды білесің?
7. Негізгі тарихи қаһармандардан кімдерді білесің?
8. Портрет шығармасы басқа шығармалардан қалай ерекшеленеді?
9. Шала эскиз дегенде нені түсінесің?

**Үйге тапсырма.** Тарихи тұлға портретін жасау.



## 29-сабақ. «ӘДЕБИ ШЫҒАРМА КЕЙІПКЕРІ» ТАҚЫРЫБЫНДА ПОРТРЕТ ЖАСАУ

Тақырыптар бойынша композициялар түзуде әдеби шығармаларға иллюстрациялар жасау барысында балалар ертегі, әңгіме, мысал, дастан қаһармандарының бейнелерін өз суреттерінде көрсетуге әрекет етеді. Бұл жұмыстар тікелей, кітапты безендірумен байланысты жағдайда жүргізіледі. Олардың кейбіреулері миниатюра кескіндемесі әдісінде орындалуы мүмкін.

Суретшілердің кітаптарға жасаған иллюстрация және безендірулері кітапты анығырақ әрі тезірек түсініп алуға көмек береді. Бұрынғы кездерде кітапты безендіруге ерекше мән берілген. Миниатюрашылардан, әсіресе, Камолиддин Бехзод, Султон Мухаммад, Қосим Али, Махмуд Музахиб, Мухаммад Мурод Самарқандилер бұл салада үлкен абыройға ие болған.

XX ғасырдың екінші жартысында Өзбекстанда кітаптарды көркем безендіруде И.Икромов, В.Кэдрин, М.Рейх, А.Ошейко, Қ.Башаров, И.Кириакиди, Т.Мухамедов және басқа суретшілер өнердің ұлттық көркем дәстүрлерін жалғастырып, үлкен жетістіктерге жетті.

Өнердің графика түрінде сәтті істелген шығармалардан бірі Қутлуғ Башаровтың «Өзбек ұлттық ойындары» деп аталады. Кезінде Искандар Икромовтың Әлішер Науаидың «Лирика» атты төрт томдық жинағына салынған суреттері суретші шығармашылығының өркендеген дәуірінде жасалған жұмыстары болып есептеледі.

Иллюстрация кітап мазмұнымен байланысты болған, оның түсінікті болуына қызмет ететін сурет болып саналады.

Иллюстрациялық сурет жасау сабақтары әдебиет сабақтарымен өзара байланыста іске асырылады. Иллюстрация салуды бастаудан алдын, суретші шығарманы жақсылап үйреніп шығуы, шығармадағы оқиға болып жатқан дәуірдегі материалдарды жинауды, сол дәуір адамдарының







Феруза Башарова. Өзбек халық ертегілеріне иллюстрация

мәдениеті мен тұрмысын, мемлекеттің табиғатын біліп алуы керек болады.

Ғафур Ғұламның «Сотқар бала» шығармасындағы сотқар бала бейнесі әдеби шығарма қаһарманы ретінде алынып, оған иллюстрациялар салынған. Суреттерде көрініп тұрғанындай, бұл иллюстрациялар тікелей кітап безендіруінің мазмұнымен байланысты күйде жасалған. Шығармадағы қызық оқиға, жағдайлар таңдап алынып, оларға сай эскиздер салынған. Осы суреттерде Сотқар баланың анасынан жасырып, құмырадан май





және ауласындағы тауықтың жұмыртқасынан алып көшеге кетіп бара жатқан кезінде, анасы оны көріп қалып, ұрсып жатқаны бейнеленген. Кейінгі жағдайларда сотқар баланың өз қылмыстарынан қорқып тұрғаны, бөгделердің үйіне кіріп қалып, тандырдың ішінде жасырынып отырғаны және өзінің жасаған сотқарлықтарынан сүйсініп жатқанын, сондай-ақ молданың сотқар балаға кеңес беріп жатқан күйіне эскиз сызылған.



Шығарма қаһарманы образының сыртқы көріністері, іс-әрекеттерінде кедей, жүдеу, қонақжай, қарапайым екендігін көруіміз мүмкін.

Содан соң, көмек ретінде «Алпамыс», «Гөроғлы», «Авазхан», «Жалолидин Мангуберді» сияқты дастандарға негізделіп, түрлі варианттарда салынған композициялардың арнайы бейнеленген иллюстрациялары берілуі мүмкін.

Шығармаға арнап сызылған иллюстрацияның композициясын түзуде алуан түрлі иллюстрациялық суреттерден пайдаланып, қаламмен эскизін орындайды. Қаламмен орындалған эскиз біріндеп бақыланып, қателері түзетіледі.



**Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:**

1. Әдеби шығармада кейіпкер қалай бейнеленді?
2. Әдеби шығармалардың мазмұны қалай ашып беріледі?
3. «Сотқар бала» шығармасында нелер ашып көрсетілген?
4. Шығармадағы образдар туралы пікірің қандай?



**Үйге тапсырма.** Сабақта қаламмен салынған композицияны реңмен бояп келу.

### **30-сабақ. ЕРМЕКСАЗ ЯКИ ЛАЙДАН ПОРТРЕТ РЕЛЬЕФІН ЖАСАУ**


Бейнелеу өнердің мүсіншілік түрінде портрет жанрында шығарма жарату оның қажетті бағыттарының бірі болып саналады. Мүсіншілік үшін қолданылатын шикізат – лай және ермексаз болып табылады.

Рельеф әдісінде портрет ескерткішін орындауда, ең алдымен, досың яки атаңның характерлі көңіл-күйдегі портретін жасау үшін шынайы суретіне қарап портрет нұсқасы картон қағазға салынады. Онда портреттің характерлі жағдайы және ұқсастығы назарға алынады. Қаламда орындалған қаралама эскиз негізінде лай яки ермексаздан портрет рельефін жасауға кіріс. Оның өлшеміне сай етіп лай яки ермексаз бөліктерін дайында.

Кезең-кезеңмен портрет рельефін жасауда адам портреті беті бөліктерінің өзара қатынастары – пропорцияларын сақтауға мән бер, әрі соған сай тәрізде лай бөліктерін ажыратып ал.

Алдымен ермексиз тандалып, характерлі көңіл-күйдегі портреттің бөлігіне алғашқы пішін беріледі. Мұнда бастың бөліктері: мұрын, көз, маңдай, құлақ және шаштың бөліктері белгіленіп, өз орнына орнатып шығылады. Жалғанған жерлер жақсылап тегістеліп, басқа жалпы өңдеу беріледі. Портрет рельефінің өлшеміне сай тәрізде қайта тексеріп, кемшіліктеріне өңдеу жасалады.

Мүсіншілік пышағы – ағаш стектерінен пайдаланып, оның майда деталдарын істеуіңе болады. Жұмыс барысында мүсіншіліктің қажетті ережесі – рельефті портреттің образын дұрыс бейнелеуге әрекет жаса.



Портретті рельеф әдісінде істеу басқыштары



*Якоб Шапиро. Тәуелсіздік панносы. Рельеф*

Кейін дайын рельефті портреттің сырты суда суланған шүберек яки саусақпен тегістеп шығылады. Лайдан жасалған болса, көлеңкеде жақсылап кептіріледі. Характерлі көңіл-күйдегі рельефті портрет ерекшеліктерін жасауда берілген үлгі суреттерден, мүсіншілер тарапынан жаратылған ескерткіштерден өнімді пайдалану мүмкін.

### **Лай яки ермексаздан пайдалану әдістері**

Лай – шөгінді тау жыныстары сумен араластырылғанда жұмсақ және иілушең (оралымды) масса пайда болады және түрлі пішінге кіреді, әрі кептірілгенде пішіні сақталады. Бұйым жасауда көбірек күлрең лай қолданылады. Лай төмендегіше даярланады: кептірілген кесек майда бөліктерге

бөлініп, пластмасса ыдысқа қабат етіп орналастырылады, әрбір қабатқа су құйып тұрылады. Бір күннен кейін, артықша су алынады және қалған лай ұқыптылықпен қамыр тәрізді жағдайға келгенге дейін араластырылады, егер де қолға жабыспаса, демек, лай істету үшін дайын жағдайға келген болып табылады. Дайын болған лайды су шүберекпен жауып, салқын жерде сақталады.

Ашық ауада кептірілген лайдан жасалған модельді гуашь бояуында қалаған реңде бояу мүмкін. Лайдың икемділігі, бояу мүмкіншілігінің бар екендігі, әсіресе, балалар үшін өте қызықты және ыңғайлы. Қатырылған болса да, лайдан жасалған бұйым морт және нәзік, тез сынатын болады. Соның үшін олар әжептәуір берік болған басқа материалға көшіріледі яки 9000 температуралы жылулықта арнайы пеште күйдіріледі.

**Ермексаз** – лай, мум, май және басқа қосымшалардан даярланған жасанды пластикалық зат. Ол ұзақ құрымайтын, иілгіш және жұмсақ материал. Бірдей реңдегі бұйымдарды жасау үшін әрдайым дайын материал. Жасалған бұйымдардың пішіні бұзылмайды және жарылмайды, тек белгілі дәрежедегі жылулықта ермексаз жұмсайды және ериді, ал суықтықта қатаяды.

**Домалату** – тегіс шар тәрізді бетті пішінге келтіру үшін пішінге ие болмаған, пластикалық материалдың бөлігіне өңдеу берудің қарапайым әдісі. Бөлікті қол алақанының ортасына алып, қолдарды жеңіл сығып, айналмалы әрекетпен өңдеу беріледі.

Жұмыртқа тәрізді бұйым және цилиндрлі бағандарды пайда ету үшін **жайпақтау әдісі** қолданылады. Қол алақанының ортасына орналастырылған бөлекше, қолдың тік сызықты әрекетімен жайылғанда созылып, цилиндр пішінді пайда етеді.

**Жайпақтау** – жалпақ пішінді пайда етуде бөлікті тегіс езгілеу әдісі. Шарды алақандар яки бармақтармен езгілеу

арқылы диск яки жабылған нан пішініне айналдырылады. Шағын шұқырлар және бүкірейген жерлері езгілеу (басу) арқылы яки стекпен орындалады.

Майда бөліктерді жабыстыруда **шымшылау әдісі** қолданылады. Бұл әдіс жаратылып жатқан жаңа бөліктің бір салымға жиналғаны саусақтарды күшті сығу арқылы жүзеге асырылады.

Пластикалық материалдың бір салымын ұстап алып, кейін жеңіл қысып тартылса, бұйымның созылған пішіні пайда болуы мүмкін. Бұл әдіс **созу, ұзайтыру** атымен жүргізіледі.

Жайпақ және тегіс беттерді бейнелеуде саусақ ұштары, стек және шүберекпен орындалатын тегістеу талап етіледі. Тегістікке перпендикуляр қойылған күрек, бармақтар және стектердің ұзынасы бойынша жасалып жатқан әрекет барша тегіс болмаған жерді тазалайды және сылап жібереді. Бұл жайтты, егер де бұйым лайдан жасалып жатқан болса, сулы шүберекпен де орындау мүмкін. Тегістеу әдісінен бір тегістіктен екіншісіне айқын және тегіс өту жерлерін пайда етуде, түрлі бөліктерді қосу және айналмалы жерлерінде де қолданылады.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Мүсіншілікте портрет жасаудан алдын қайсы жұмыс орындалуы қажет?
2. Стек деген не?
3. Мүсіншілік шығармалары қандай заттардан даярланады?
4. Бастың бөліктерін жасағанда нелерге назар аудару қажет?
5. Ескерткіш жасаудың қандай әдістерін білесің?



**Үйге тапсырма.** Жас бала образындағы портрет рельефін жасап келу.

### 31-сабақ. АДАМ МҮСІНІНІҢ ТҮРЛІ ЖАҒДАЙДАҒЫ КҮЙІН ЖАСАУ

Мүсіншілік өнерінің көне үлгілері халықтар тарихын, тұрмыс-салтын өзінде көрсеткен.

Эрамыздан алдыңғы V–IV ғасырлардағы мүсіншілер ағаш, тас, мәрмәрға өң беруді жетік меңгерген, сондай-ақ, қоланы ерітіп құю технологиясын жолға қойған. Мүсіндердің істелген шеберлігінің таң қаларлық дәрежесі соншалық, олар тап тірідей, тыныс алып тұрған сияқты көрінеді. Эрамыздан алдыңғы V ғасырда мүсіншілер адам денесінің әрекет етіп тұрған жағдайларын бейнелеуді үйренген. Олар адамдардың жүгіргенін, найза атқанын немесе соғыс үстіндегі жағдайын бейнелеп көрсеткен. Атақты грек мүсіншісі Миронның «Диск атушы» шығармасы жан-жақты шеберлікпен жасалған, оны көрген кісі таң қалады. Грек тарихында мәлімдеуінше, Афродита – сұлулық және махаббат рәмізі. Мұны Афродитаға арналған мүсіндерде көреміз. Олар нәзіктігі, сұлулығымен көрерменді өзіне тартады. Бұл орында, әсіресе, «Милос Афродитасының» мүсіні ерекше көңіл аударарлық. Ең ежелгі халықтардан үнділер өздерінің діні, нанымы болған Буддаға тиісті мыңдаған мүсіндер жасаған.

Микеланжело Буонарроти мүсіншілік, сәулеткерлік, суретшілік жанрларында шығармашылық етіп, көркемдік жағынан сұлу шығармалар жасаған. Ояну дәуірінің ұлы өнерпазы Микеланжело 1475 жылы 6 наурызда Флоренсия маңындағы Капрезе қалашығында дүниеге келген. Оның жастығы Флоренсияда өтті. 13 жасында ол флоренсиялық Доменико Гирландаё шеберханасына оқуға кіреді. Микеланжелоның бірінші дербес жасаған шығармасы «Баспалдақ алдындағы Мадонна» (1492 ж. Флоренсия, Буонарроти мұражайы), «Кентаврлар соғысы» (1494 ж. Флоренсия Буонарроти мұражайы), Римде жасалған «Пьете» (Исаға қаралы болу.



1498–1501 жылдар) мүсіндері оған шынайы абырой-даңқ әкелді.

Микеланжело 1504 жылда жасаған және Флоренсияның басты алаңына орнатылған, үлкен «Давид» мүсіні «Заманауи антик грек және рим мүсіндерінің абырой-даңқына ие болған шығармасы болып табылады», бұл шығармасында табиғаттың ең сұлу кереметі – адам тұлғасы екендігін, оның қайталанбас сұлулығын, күш-қүдіретін көрсетуге қол жеткізген.

Тәуелсіздік дәуірі мүсіншілік өнерінің мәртебелі жанрында жаратылған алғашқы тарихи шығармалар ретінде Шыршық қаласы орталығының басты көшесінде және астанамыздың Ұлттық бағында орнатылған ұлы ақын Әлішер Науаи бейнесіне жасалған ескерткіштерді (Е. Алиев, Н. Банделадзе, В. Дегтяров, 1991ж.), 2001 жылы Науаи қаласы орталығында



*Жалолидин Миртожиев.*  
«Әлішер Науаиі». Токио қ.



*Жалолидин Миртожиев.*  
«Жазушы Айбек». Ташкент қ.

8–Бейнелеу өнері, 5 (қазақ тілінде)



*Илхом Жабборов. Өмір Темір ескерткіші. Шахрисабз*

ұлы ақынның 560 жылдығына арналған А.Рахматуллаев және П.Подосинниковтар тарапынан жасалған Өлішер Науаидың мүсіні, Ташкент қаласының адамға толы саяжайларының орталығына орнатылған Өмір Темірдің мәртебелі атты мүсіні (И.Жабборов, К.Жабборов, 1993 ж.), Сақыпқыранның туған елі Шахрисабз және Самарқанд қаласында орнатылған мүсіндері (И.Жабборов, К.Жабборов 1996 ж.), Ферғана және Қува қалаларында орнатылған Ахмад ал-Ферғанидің мәртебелі мүсіндері (И.Жабборов, К.Жабборов 1998 ж.), Хорезмде Жалолиддин Мангуберді ескерткіші (И.Жабборов, 1998 ж.), Өндіжан қаласына (Ж.Миртожиев 1993 ж.), Наманган қаласында (М.Рахмонбердиев 1998 ж.) орнатылған «Захириддин Мұхаммет Бабыр ескерткіштері, Ташкент қаласында орнатылған «Абдулла Қадыри» (Ж.Миртожиев 1994 ж.), Өндіжан қаласында орнатылған

«Чулпан» (Ж. Миртожиев 1997 ж.), Термиз қаласында құрылған эпикалық қаһарман Алпамыстың (А. Рахматуллаев, К. Норхуразов, У. Мардиев, П. Подосинников) мүсіндерін атап өткен жөн.

Илхом Жабборов 1945 жылы Чуст ауданының Алмас қыстағында туылған, Өзбекстан Өнер академиясының шынайы мүшесі. Мүсіншілік дәстүрлерін академик И. Жаббаров және Х. Хусниддинхужаев, Я. Шапиро, Е. Алиев, Ж. Қуттимуродов, А. Рахматуллаев, М. Облоқулов, Д. Рузибоев, Т. Тожихужаев, А. Хотамов, Ғ. Нормуродов, У. Уроқов, Т. Эсонов, М. Рахмонбердиевтер тарапынан сәтті жалғастырып жатыр. Өнердің нәзік әрекеттері, пластик арқылы мәртебелі мүсіншіліктің композициялық ережелері негізінде көрсетіліп келеді.



*Илхом Жаббаров пен Камолитдин Жаббаров.  
«Низами Ганжави» бюсті. Ташкент қ.*

Қоладан істелген сегіз метрлі Өмір Темір мүсіні көлемі жағынан да орнатылған алаңға сай түскен. Бұл ескерткішті мүсінші И. Жаббаров архитектор В. Акопжянмен ынтымақтастықта істеген. Өмір Темір ат тізгінін мықтап ұстап

тұрғанының да рәміздік мағынасы бар. Бұл аттың емес, ұлы бір мемлекеттің тізгіні еді. Оның ой-пікірі мемлекетте тыныштық, бейбітшілік болсын, ел көркейсін, деп тұрғандай...

### Адам мүсінін жасау

Адам кеудесін толық жасау үшін, мүсін 20 см-ден артық болса, оның бастықта орналасу өлшемдері, сымнан кеуденің арақатынастары есепке алынып, сызбалық каркасы әзірлеп алынады. Алдымен «Г» әрпін еске салатын темір ұстағыш каркасы әзірленеді. Темір ұстағыштың төменгі жағы домалақ немесе үшбұрыш пішінінде болып, ол алдын ала әзірлеп қойылған тақташаға бекітіледі.

Адам кеудесінің каркасын әзірлегенде желкеден жамбас (таз) сүйегіне дейінгі болған аралық үшбұрыш кескінінде жасалады. Сол үшбұрыштың ортасынан жоғарыға тік сым шығарып, кеуденің бас бөлігі басталатын жерде түйіп қойылады. Каркастың тірек аяқ бөлігі тақташаға бекітіледі.

Каркастарға лайды жабыстыру, бекіту үшін ағаштан әзірленген кішкене балғалардан, кей жағдайларда төртбұрыш білте тақтайшадан пайдалану орынды есептеледі.



Әйел сымбатының мүсінін жасау

Мүсіншілік жаттығуларында ермексаз, лай және шамоттан мүсіндер жасау үшін қатты ағаш және сымнан әзірленген стектер қолданылады. Олардан артықша лайды алу, кіші және нәзік деталдарды жасау үшін пайдаланылады. Әзірленген стектерге лай және ермексаз жабысып қалмауы үшін алдымен оны әрлеп, ал кейін алиф яки лакпен жақсылап тойындырылады.

Жаттығулар үдерісінде көбірек стектермен емес, қол сау-сақтарымен істеу керек, себебі қол көлем, әрекетті сезіну, оны бейнелей алу дағдыларын қалыптастыруда негізгі міндетті орындайды.



### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Өзбек жазушысы Айбектің мүсінінің авторы кім?
2. Әмір Темір мүсіні қай жерде орнатылған?
3. Мүсін жасау үшін каркас қалай әзірленеді?



**Үйге тапсырма.** Ермексаздан адам тұлғасын көрсететін бірер жағдайдың мүсінін жасау.

## 32-сабақ. «ӨНЕРКӘСІП РОБОТЫ» ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ САЛУ

Құрметті оқушылар, бүгінгі күнде заманауи техника және технологиялар жедел дамып баруда. Жақында ғана дүние халқы үшін «ұлы кереметтей» түйілген, үсті матамен ашып-жауып суретке алатын фотоаппараттар, бұрап айналдырып істетілетін әр түрлі пішіндегі телефондар, аттар тартып жүретін трамвайлар, пілтелі шырақ, ақ-қара реңді телевизорлар қазірде өткендегі аңыздай түйіледі. Сондағысы, қазіргі жастарды аздап өнертапқыштармен таң қалдырып болмайды. Жылдап ғарышта ұшып жүрген ғарыштық кемелер, метро, судың астында және үстінде

жүзіп жүрген үлкен кемелер, әр түрлі маркадағы жеңіл және жүк автомобильдері, дыбыстан тез ұшар ұшақ және пойыздар, компьютерлер және басқа көптеген керемет бұйымдар бүгінгі күн адам тапқырлығының өнімі болады. Ғылым, пән және техника дамып, жетістіктерге қол жеткізген сайын адамдар оларды өз күнделікті өміріндегі ауыр жұмыстарды жеңілдетуге қолданыла бастады. Болашақта мұндай жұмыстарды өнеркәсіп роботтары орындауда.







Белгілі, роботтар үш топқа бөлінеді: өнеркәсіп роботтары – машина жасау, энергетика, металлургия және басқа өнеркәсіп орындарында істетіледі. Тұрмыстық қызмет және үй роботтары – сатушылықта, үй қожалығында, халық қызметі өнеркәсіптерінде пайдаланылады. Ал ақпарат роботтары ғарышта, жер және мұхиттың астында жұмыс жүргізу үшін адамға көмек береді.

Заманауи роботтардың бірінші өнертапқыш жұмыстары Кацухико Нода, Фудзио Исахара, Джон Янг, Э.Накано, Ф.Кауфе, Р.Эйрис, С.Миллер, П.Н.Белянин, Е.И.Юрьевич, Б.Е.Патон сияқтылардың қаламына тиісті. Өнеркәсіп роботы. Бұл не? Өнеркәсіп роботы – бұл автоном істейтін

машина-автомат болып, адам әрекеттеріне сай әрекеттерді орындайды, бұл жерде адам қатыспайды, бірақ адамға сай болған ерекшеліктерге ие (яғни, күш, жады, сезім, көру), сондай-ақ, басқа машина-жабдықтармен істеуде өзі үйрену және өнеркәсіп ортасына бейімделу ерекшелігіне ие болады.

Құрметті оқушылар! Бүгінгі сабағымызда өнеркәсіп роботының суретін саламыз. Алдымен, робот суретіне назар аудар. Ол тік төртбұрышты, шеңбер, квадрат, эллипс сияқты геометриялық пішіндерден тұрады. Алдымен көрінісін қағаз бетіне тік орналастырып аламыз. Соң берілген үлгі негізінде кезең-кезеңмен істеп, суретті аяқтаймыз.





Өнеркәсіп роботы суретін кезең-кезеңмен бейнелеу



**Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:**

1. «Робот» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
2. Өнеркәсіп роботы не және ол қай жерлерде қолданылады?
3. Өнеркәсіп роботы қандай міндетті орындайды?
4. Өнеркәсіп роботы сенің қиялыңда қандай болуы мүмкін?



**Үйге тапсырма.** Дербес түрде әр түрлі көріністегі роботтардың суретін істеп келу.



### **33-сабақ. 4-БАҚЫЛАУ ЖҰМЫСЫ. ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЖҰМЫС ЖӘНЕ ЖЫЛ БАРЫСЫНДАҒЫ ЖҰМЫСТАРДЫҢ КӨРМЕСІ**

#### **34-сабақ. «АҚЫЛДЫ МАШИНАЛАР» ТАҚЫРЫБЫНДА СУРЕТ САЛУ**

Құрметті оқушылар, бүгінгі күнде заманауи техника және технологиялардың дамуымен бірге «ақылды қала», «ақылды машиналар» сияқты сөздер өмірімізге кіріп келді. Мемлекетімізде «Ақылды қала» бағдарламасы 2030 жылға дейін істеп шығарылған болып, онда жас ұрпаққа болашақтағы мегаполистің маңызы түсінтіріледі. Мұның үшін «ақылды қала мектептерінде» оқушыларға Ақпарат технологиялары туралы мәлімет беру және олардың дүниеге көзқарасын кеңейттіру үшін көзделген оқулар ұйымдастырылады.

«Ақылды машиналар» дегенде транспорт, робот және жасанды интеллекттердің одағын түсінеміз. Негізінде, ақылды машиналар түрлі себептерге қарай автоном (өз-өзін басқару) және жарты автоном; бортта озат навигация және ақпарат-мәлімет тізіміне ие; экологиялық таза электр автомобильдері және үстеме энергия тізімдеріне ие автомобильдер; арнайы сирек өкілдері болуы мүмкін. Көбінесе ақылды автокөліктер жүргізушіге қажеттілік сезбейтін машиналарды білдіреді, істеп шығылған өнімдер жолдарда әрекеттену үшін өздерінің сенсорлар жинағына ие, рөл және педальдармен жабдықталмағандығымен жол әрекеті дүниесіне жаңалық жасаған. Нәтижеде, сен сөйлесетін машинаны ақылды деп атау мүмкін.

Сонымен бір қатарда «Трансформерлер» – бұл автомашиналар, жүк машиналары, ұшақтар, жабдықтар (микроскоп, магнитофон және басқаларға) айналуы мүмкін болған «ақылды машиналар» да бар. Алдымен, «Transformers»


бұл Американың «Hasbro» компаниясы және Жапонияның «Takara Tomy» компаниясының ойыншықтары сериясы сияқты пайда болды.




Олар өте әйгілі болып кеткеннен кейін, анимациялы сериялар және комикстерді жарату жұмыстары басталды. 2007 жылы дәл сол аттағы фильмнің премьерасы болып өтті, бұл жаңа «трансформер жарылуының» басталуын көрсетті.



Құрметті оқушылар! Бүгінгі сабағымызда «Трансформердің» суретін саламыз. Алдымен, суретке назар аудар. Олар әртүрлі геометриялық пішіндерден тұрады. Алдымен, трансформердің көрінісін қағаз бетіне тік орналастырып аламыз. Соң берілген үлгі негізінде кезең-кезеңмен суретті салып аяқтаймыз.



Трансформер суретин кезең-кезеңмен бейнелеу





### Өтілген тақырыпты пысықтау үшін сұрақтар:

1. Бүгінгі күнде техника және технологиялардың дамуымен қандай жаңа сөздер кіріп келуде?
2. «Ақылды қала» сөзі қандай мағынаны білдіреді?
3. «Ақылды машиналар» не және ол қай жерлерде қолданылады?
4. Трансформер қандай машина?



**Үйге тапсырма.** Дербес тәрізде «ақылды машина» көріністегі роботтың суретін салу.

### Пайдаланылған әдебиеттер

1. *Абдирасилов С., Толипов Н., Орипова Н.* Рангасвир. – Т.: «Ўзбекистон», 2006.
2. *Абдирасилов С., Бойметов Б., Толипов Н.* Тасвирий санъат. – Т.: «Чўлпон» нашриёти, 2012.
3. *Абдирасилов С.* Тасвирий санъат ва уни ўқитиш методикаси. – Т.: «Илм-Зиё» нашриёти, 2011.
4. *Абдирасилов С.* Тасвирий санъат ўқитиш методикаси. – Т.: «Фан ва технология» нашриёти, 2012.
5. *Кузиев Т., Эгамов А., Қаноатов Т., Нурқобилов А.* Рангасвир. 5–9-синфлар. – Т.: «Санъат» журнали нашриёти, 2004.
6. *Нуртоев Ў.Н.* Рангшунослик асослари. – Т.: «Илм-Зиё» нашриёти, 2008.
7. *Маматов У.* Ўзбекистон маданиятида тарихий жанрдаги тасвирий санъат асарлари. – Т. «Мумтоз сўз», 2018.
8. *Абдуллаев Н.* Санъат тарихи. – Т.: «Санъат» нашриёти, 2001.
9. *Кузиева Ш.* «Мир сотканный из цветов». – Т., Издательство журнала «Санъат», 2009.
10. *Эбадоллах Бахари.* БИХЗАД. – Лондон. New York «Taurus» Publishers, 1997.
11. *Ноел Грегори.* Живопись маслом. – М.: Издательский Дом «Кристина & К». 2001.
12. *Куно Миттелстадт.* Винсент Ван Гог. – Берлин, 1973.
13. *Кузиев Т.* Ўзбекистон тасвирий санъат антологияси. – Т.: «Санъат» журнали нашриёти, 2009.
14. *Абдуллаев А.* Жажда прекрасного. – Т., КЖИ «Правда Востока», 1994.
15. *Кузиев Т.* «Ўзбекистон замонавий санъати». – Т.: «Мега», 2004.

## МАЗМҰНЫ

### I ТОҚСАН

1-сабақ. Бейнелеу өнерінің бейнелеу құралдары .....	3
2-сабақ. Қаламбейнеде геометриялық заттар салу .....	15
3-сабақ. Кескіндеме қасиеттері (шығарманы көркем ұғыну негізінде) .....	17
4-сабақ. Кескіндемеде натюрморт салу басқыштары. Натюрморт жасау .....	24
5-сабақ. Рең-түстері жағынан қарама-қарсы (контраст) бұйымдардан құралған натюрморт жасау .....	29
6-7-сабақтар. Ұлттық ыдыстардан түзілген тақырыпты натюрмортты жасау .....	33
8-сабақ. 1-бақылау жұмысы. Натюрморт .....	39
9-сабақ. Табиғат пейзажы фонында натюрморт жасау .....	39

### II ТОҚСАН

10-сабақ. Кескіндеме және графикада пейзаж .....	42
11-сабақ. Табиғаттың образды пейзажын бейнелеу .....	46
12-сабақ. Ақ және қара реңдерде пейзаж сурет салу .....	49
13-сабақ. Түрлі жағдайларда пейзаж суретін жасау .....	54
14-сабақ. Айлы түндегі немесе күннің бату шағындағы ағашты бейнелеу .....	56
15-сабақ. 2-бақылау жұмысы. Қабырға газетін жасау .....	59
16-сабақ. Бейнелеу өнерінде анисталистикалық жанр .....	61

### III ТОҚСАН

17-сабақ. «Мен де әскер боламын» тақырыбында композиция жасау .....	65
18-сабақ. «Сәулеткерлік» тақырыбында композиция жасау .....	68
19-сабақ. Шығыстық қала бейнесінің эскизін жасау .....	71
20-21-сабақтар. Нақыш композициясын құру .....	73
22-23-сабақтар. Бұйымға нақышты әшекей беру .....	77
24-сабақ. 3-бақылау жұмысы. Мерекеге қабырға газетін шығару .....	81
25-26-сабақтар. Көркем безендіру графикасы .....	82

### IV ТОҚСАН

27-сабақ. Бейнелеу өнерінде портрет жанры .....	87
28-сабақ «Тарихи тұлғалар» тақырыбында портрет жасау .....	93
29-сабақ. «Әдеби шығарма кейіпкері» тақырыбында портрет жасау .....	104
30-сабақ. Ермексаз яки лайдан портрет рельефін жасау .....	107
31-сабақ. Адам мүсінінің түрлі жағдайдағы күйін жасау .....	112
32-сабақ. «Өнеркәсіп роботы» тақырыбында сурет салу .....	117
33-сабақ. 4-бақылау жұмысы. Шығармашылық жұмыс және жыл барысындағы жұмыстардың көрмесі .....	121
34-сабақ. «Ақылды машиналар» тақырыбында сурет салу .....	121

*O'quv nashri*

Tursunali KUZIYEV, Sunatulla ABDIRASILOV,  
O'rinboy NURTOYEV, Asqarali SULAYMONOV

**TASVIRIY SAN'AT**

**5-sinf**

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
5-sinfi uchun darslik*

To'ldirilgan va qayta ishlangan ikkinchi nashri

*Qozoq tilida*

Аударған *З. Абдиназарова*

Редакторы *Д. Бектаева*

Дизайнер *Р. Маликов*

Техникалық редакторы *Л. Хижова*

Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы АІ 158, 14.08.2009. Басуға 2020 жылы  
августда рұқсат етілді. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз. «Arial»  
гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.  
Шартты баспа табағы 9,36. Баспа табағы 6,12. Таралымы 5766.  
Тапсырыс № 20-329.

«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.

Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: [uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz](mailto:uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz)

[www.iptd-uzbekistan.uz](http://www.iptd-uzbekistan.uz)

### Пайдалануға берілген оқулықтың жағдайын көрсететін кесте

№	Оқушының аты, фамилиясы	Оқу жылы	Оқулықтың пайдалануға берілгендегі жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы	Оқулықты тапсырғандағы жағдайы	Сынып жетекшісінің қолы
1						
2						
3						
4						
5						
6						

Пайдалануға берілген оқулықты оқу жылы аяқталғанда қайтарып тапсырады. Жоғарыдағы кестені сынып жетекшісі төмендегі бағалау критеріі негізінде толтырады.

Жаңа	Оқулықты алғаш рет пайдалануға берілгендегі жағдай.
Жақсы	Мұқаба бүтін, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыралмаған. Барлық парақтары бар, жыртылмаған, көшпеген, беттеріне жазбаған және сызбаған.
Орташа	Мұқаба езілген, аздап қана сызылған, шеттері жыртылған, оқулықтың негізгі бөлігінен ажыраған жерлері бар. Пайдаланушы жағынан қанағаттанарлық жөнделген. Жұлынған, кейбір беттері сызылған.
Нашар	Мұқаба былғанған, сызылған, жыртылған, негізгі бөлігінен ажыраған немесе мүлдем жоқ, нашар жөнделген. Беттері жыртылған, парақтары жетіспейді, сызып, бояп тасталған. Оқулық қалпына келтіруге жарамайды.



*O'quv nashri*

Tursunali KUZIYEV, Sunatulla ABDIRASILOV,  
O'rinboy NURTOYEV, Asqarali SULAYMONOV

**TASVIRIY SAN'AT**

**5-sinf**

*Umumiy o'rta ta'lim maktablarining  
5-sinfi uchun darslik*

To'ldirilgan va qayta ishlangan ikkinchi nashri

*Qozoq tilida*

Аударған *З. Абдиназарова*  
Редакторы *Д. Бектаева*  
Дизайнер *Р. Маликов*  
Техникалық редакторы *Л. Хиждова*  
Компьютерде беттеген *Г. Құлназарова*

Баспа лицензиясы AI 158, 14.08.2009. Басуға 2020 жылы  
августда рұқсат етілді. Пішімі 70x90<sup>1/16</sup>. Офсеттік қағаз. «Arial»  
гарнитурасы. Офсеттік әдіспен басылды.  
Шартты баспа табағы 9,36. Баспа табағы 6,12. Таралымы 607.  
Тапсырыс № 20-330.

«O'zbekiston» баспа-полиграфия шығармашылық үйінде басылды.  
100011. Ташкент, Науаи көшесі, 30.

Телефон: (371) 244-87-55, 244-87-20.  
Факс: (371) 244-37-81, 244-38-10.

e-mail: [uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz](mailto:uzbekistan@iptd-uzbekistan.uz)  
[www.iptd-uzbekistan.uz](http://www.iptd-uzbekistan.uz)